**ЎЗБЕКИСТОН РЕСПУБЛИКАСИ ОЛИЙ ВА ЎРТА МАХСУС ТАЪЛИМ ВАЗИРЛИГИ**

**НИЗОМИЙ НОМИДАГИ ТОШКЕНТ ДАВЛАТ ПЕДАГОГИКА УНИВЕРСИТЕТИ**

**Ўзбек тили ва адабиёти факультети**

**“Ҳимояга рухсат этилсин”**
**факультет декани**
**______ ф.ф.н., доц.И.М.Азимов**
**“_01_” _06_2012 йил**

5141300 – «Қозоқ тили ва адабиёти» бакалавр йўналиши бўйича кундузги бўлим IV курс (401-гуруҳ) талабаси

**Нурыбаев Жарасканнинг**
**“С. Кўбеевнинг педагогик қарашлари” мавзусида ёзилган**

# БИТИРУВ МАЛАКАВИЙ ИШИ

**Илмий раҳбар**
1........ п.ф.н., доц. Е.Абдувалитов

**Тақризчилар**
1. «Ўзбек адабиёти» кафедраси
ф.ф.н., доцент
..........Т.Шермуродов

2............ З.Эрмекбаева,
Тошкент вилояти, Чиноз
туманидаги №20 мактаб ўқитувчиси

**“Ҳимояга тавсия этилсин”**

Қозоқ тили ва адабиёти кафедраси
мудири ..................
п.ф.н., доц. Е.Абдувалитов
“_30_” _май_ 2012 йил

**ТОШКЕНТ – 2012**

өмір менің оқытушы боламын деген ниета-ниетімді енді біржолата баянды етіп бекітті",- дейді ол. Сол ниетпен Орынбордағы оқытушылар семинариясына түсуге талапатанады да, оның сәті түспей қалған соң, Қостанайдағы екі тілдік курсқа түсіп (1898) оқиды. Курсты 1901 жылы бітіріп, бастауыш мектепке мұғалім болып шығады.

Спандияр өз аулында және оған таяу жердегі мектептерде орын болмай, Қостанайдан мың шақырымдай Ырғыз уезіндегі Телғай болысына қарайтын Кішіқұм деген жерге жіберіледі. Жүрегі надандық торына шырмалған халқына деген сүйіспеншілікпен оған білім шырағын жағу үмітіне толы жас жігіт жердің шалғайлығына қарамай, сонда оқытушы болып барады. Онда біртолай қиыншылықтарға кездеседі. Арнаулы салынған мектеп үйінің жоқтығы, жабдықтар мен оқу құралдарының жетімсіздігі, балаларын орысша оқытуды наразы ел ішіндегі ескіше көзқарас-бәрімен жас мұғалім жалғыз күреседі. Балаларды Ыбырай әдісімен орысша оқытады, ғылым негіздерін түсіндіретін пәндерге үйретеді. Сөйте жүріп, Спандияр өзіне тілектес достар табады. Ол ел адамдарына

ғылым саласынан түсінік береді, орыс әде-биеті жайлы әңгімелер айтады. Пушкин-нің „Дубровский", Н.В. Гогольдің „Өлі жандар" атты шығармалары мен А.П. Чеховтың күлкілі әңгімелері С. Көбеев арқылы ел ішіне тарайды.

Сөйтіп жүріп Спандияр Крылов мысалда-рын аудара бастайды. Мұны ол ескі ауыл-дағы ұнамсыз мінез-құлық пен ел әкімдерінің, байлардың кертартпа көзқарастарын сы-науға пайдаланады.

1903-1905 жылдар ішінде Спандияр Петро-павл уезіндегі Нілді болыстық мектебінде іс-тейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауылмұғалімдік курсында оқиды. Будан кейін Спандияр Петропавл-дағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне ауысады, онда 1910 жылға дейін мұға-лім боп істейді. Сол жылдарда (1908-1909) ол өзі Кешікулде бастап аударған Крылов мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсына-ды. Ол аудармалар 1910 жылы Қазанда „Үлгілі тәржіма" деген атпен басылады.

И.А. Крылов мысалдарын көзінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандас-тары А. Байтұрсынов пен Б. Өтетілеуов те аударған. Олардың бәрінің Крылов мы-салдарында суреттелетін арыстан, аю, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың

қой-қозы, өгіз тәрізді момын жануар-ларға жасаған зорлығынан ел өмірінің шындығын таныды, оны тұспалдай са-науға мүмкіндік алды. Көркемдік сапа-сы әр қилы болғанмен, мазмұнымен халық-қа әсер еткен аударма еңбектердің қа-зақ арасынан қолдау тауып, сіңіп кетуі де осыны дәлелдейді.

Крылов мысалдарын оқу, аудару Спан-диярдың демократтық көзқарасының қа-лыптасуына зор әсер етті. „Қойлар" мен „Қасқырлардың", әлділер мен әлсіздер-дің, момындар мен жемқорлардың ара-сындағы күресті айтқанда, ол үнемі халықты, әлсіз момынды жақтайды, оған зорлық жасамауды уағыздайды. Оның аударуымен И.А. Крыловтың „Маймыл мен көзілдірік", „Көлбақа мен Юпитер", „Арыстан мен маса", „Жапырақтар мен тамырлар", „Арыстан мен тышқан", „Қасқыр мен қозы", т.б. мысалдары қазақ ішіне кең тарайды.

„Осы жинақ шыққаннан кейін мен жазу-шылыққа бет бұрдым, – дейді ол „Орындалған арман" атты естелігінде. — Маған жазу жұмысы қолымнан келетін іс сияқты болып көрінді. Бірақ ол кезде, ең алдымен, мектеп балалары үшін қазақ тілінде оқу құралдары керек еді. Сондықтан мен, алдымен оқу құралын жазып,

кітап етіп бастырып шығаруға талаптандым".

С. Көбеевтің бұл кітабы – „Үлгілі бала" 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ол бастауыш мектептегі қазақ балалары үшін оқу кітабы ретінде құрастырылған. Оған автор өзі аударған Крылов мысалдарының кейбір үлгілерін, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиетінен үзінділер, табиғат туралы балаларға мәлімет беретін қысқа-қысқа әңгімелерді енгізген.

Мысал үлгісіндегі шағын әңгімелердің көбін Спандияр Л. Толстой („Құмырсқа мен көгершін", „Ат пен есек", „Атасы мен немересі", „Қоян мен көлбақалар", „Екі жолдас", т.б.) мен К. Ушинскийдің („Екі соқа", „Түлкі мен теке", „Сауысқан мен қарға", т.б.) оқу кітаптарынан алған. Бұл шығармаларда педагог-жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтереді. „Құмырсқа мен көгершінде" қиын жағдайда екеуінің бір біріне көмектесуін айта отырып, адамды адамға жақсылық жасауға үндесе, „Ат пен есекте" жүгі ауыр есекке көмектеспей, ақырында аттың өзі бейнет астында қалғанын сынайды. „Сауысқан мен қарғада" мылжыңдықты шенесе, „Екі соқада" еңбекшілдікті мадақтайды.

„Үлгілі балада" өзінің де бірсыпыра төл

шығармалары бар. Олар - әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты әшкерелейтін, жетім-жесірді аяуға құрылған өлеңдер мен әңгімелер.

„Жетімнің өлеңі" атты шығармасында автор жастай жетім қалған баланың аянышты тағдырын суреттей отырып, жалпы халықтың азаттығы идеясын көтерді.

„Үлгілі бала" кітабының тарихи маңызы оның алғашқы оқу кітаптарының бірі болуында ғана емес, ондағы шығармалар Спандиярдың жазушы еңбегінде де демократтық, ағартушылық көзқарастарының толыса тереңдігін байқатты.

„Қалыңмал", „Үлгілі тәржіма", „Үлгілі бала" кітаптарының шығуы С.Көбеевтің әдебиетке деген ынтасын үштай түсті. Оның үстіне, жазушы осы екі кітабын жазу үстінде орыс әдебиетін оқып, одан мол үйренді. Мұның барлығы жас жазушының болашағына игі әсер етті. Осы ізденудің сәтті жемісі болып „Қалыңмал" романы туды.

„Қалыңмал" 1913 жылы Қазанда басылды. Ол қазақ әдебиеті тарихындағы қарасөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармаларының бірі. Тақырыбы - әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы мәселесі.

## І.2 Педагог-жазушының негізгі шығармасынан жазылу тарихынан

ХХ ғасыр бас кезіндегі халықты азат ету, теңдік үшін әлеуметтік күрес кезінде қазақ әйелдерінің тағдыры айрықша көзге түсті. Қалыңмал, көп әйел алушылық, әмеңгерлік салттары ескіріп, оған қарсылық та молая бастап еді. Теңіне бара алмаған, әйел үстіне тоқалдыққа малға сатылған қыз ғана емес, оның тілектестері - анасы да, жеңгесі де қызды сүйген жігіті де, жанашыр ағайыны да, туған-туысқаны да қыз мұңына қосыла даусын көтерді. Ол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін әңгіме еткенде, ең алдымен әйел мәселесі сөз болатын себебі де осында болатын.

Мәселенің демократтық тұрғыдан қойылып, тиянақты шешім табуымен және шығарманың қазақ әдебиетінде бұрын танылма қоймаған жаңа прозалық роман түрінде жазылуымен „Қалыңмал" өз заманындағы басқа шығармалардан оқшау тұрады. Дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздік, оған қарсы күрес пен ауылға кіре бастаған жаңалық, елді ұйқыдан босатып, өріс тарала бастаған ескілік заңдары шығармада бірсыпыра тәуір суреттеледі.

Ескі ауыл дегенмен, ғасыр басындағы қазақ ауылы да дәуірден тыс, тоқырап қалған дүние емес, аздап болса да таралып, ілгері дамып келе жатқан еді. „Қалыңмал"— сол ескі ауыл тарихының бір көрінісі.

1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс езілген ұлттардың оянуына, ұлт аймақтарында қоғамдық ой-пікірлердің жандануына үлкен себепкер болғаны мәлім. Әлеуметтік өмірдегі осындай өзгерістер лебі қазақ ауылына да әсер етті. Ескіліктің көптеген қатал тәртібіне, феодалдық әдет-салт заңдарына қарсы бой көтеру көріне бастады.

„Елден шыққалы жиырма шақты күн болып қалды, - дейді „Қалыңмал" романының бір кейіпкері Байғазы би. - Бас аулынан тағына барып, съезд құрып келеміз. Халық арасында бір-біріне ауысқан-түйіскендері бар, тоқты-торымдай жанжалдары бар екен, сондайларды бітіріп келеміз. Елде дау-жанжал мұндай көп болар ма?.. Елде бұзылып біткен ғой, әйел-ер тегіс дауы-ақ көп екен. Күйеуін менсінбеген қыз, байынан айрылған келіншек,.. кейбіреулер құдасынан айрылмақшы... Құрекеңнің пышағы май үстінде, қалтасы да толған шығар".

Бұл сол заманның шындығы еді. Әйел мейін езініп, „бостандық", „азаттық" деген

сөздер құлағына ілене бастаған халық арасында осындай аласапыран істердің туа бастауы да заңды. Кедей байдан несие жол ала алмай жүрген ақысын даулайды, жастай малға сатылып, шалға тиген қыз өз басына азаттық алуға ұмтылады, т.б.

Іргетасы тебіренбеген феодалдық салтсананың, әдет заңдарының бастысы - қалыңмалға қозғау түсе бастайды. Бұл мәселені, негізінен, қалыңмалдан өздері жапа шеккен әйелдер, адал махаббатына ерік ала алмай, қалыңмал басын байлауға түсірген жастар көтереді. Олар қалыңмалды жоюды, әйел басына бостандық беруді, әркімнің сүйгеніне қосылуын тілейді.

„Қалыңмал" романында қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет-ғұрып сыналады, қазақ ауылындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі.

Жазушының бағыты айқын. Ол феодалдық салт-шырмаудан босатып, әйелді сүйгеніне қосуды, қалыңмалды жоюды ұсынады. Екіншіден, байлардың зорлығына шаруалардың бой көтеруін мақұлдайды. Бұл романда Бірке, Әлкен, Жүністердің іс-әрекеті арқылы көрінеді.

Жазушы кедейлер өміріне үлкен аяныш-пен қарайды. Тұрлығұл байдың Медеу руы-на жасаған зорлығын суреттей келіп: „Ой, бейшара кедей-ай! Саған да атар таң, шығар күн бар ма екен!" дейді.

Романның негізгі идеясы кейіпкерлер тағ-дыры арқылы ашылған. Олар көзқарасы, іс-әрекеті жағынан екі түрлі. Бір жағында-Ғайша, Қожаш және олардың жақтасты-ры болса, екінші жағында - Итбай, Тұрлы-ғұл мен олардың тілектестері көрінеді. Роман осы екі көзқарастың тартысына құрылған. Тіпті Қожаш пен Ғайша ара-сындағы сүйіспеншілік, махаббат жайы да осы әлеуметтік күрес идеясына бағында-рылады.

Романның негізгі кейіпкері - Ғайша. Шығар-маның негізгі бір түйіні қазақ әйелінің теңсіздігі мен оны құлдыққа душар еткен қалыңмал осы Ғайшаға тікелей байланысты.

Ғайша - сол кездегі қазақ әдебиетіндегі жаңа бейне. Ол қалыңмалға сатылып, әкесінің еркімен сүймеген адамына бар-мауды бекінеді, өз бостандығы үшін кү-реске шығады, өзіне тең адал жар іздей-ді. Ол күресті Тұрлығұл үйіне барып, мал әкеліп, байдан көрген сый-сияпатын айтып жеткізе алмай отырған Итбайға

Өз наразылығын өлеңмен естіртуден бастайды.
Ғайшаның өлеңмен айтқан бұл наразылығы басына іс түсіп, не істерін білмей дал болған шерлі адамның шағынуы. Өзегі өртеніп, қасіретпен өксікке тұншыққан қыз сөзі жәй тек жалбарыну емес, оған айып артқандай естіледі.
Бірақ малдан басқа сенері де, сүйенері де жоқ Итбай Ғайша мұңын түсіне алмайды, жанына жара түскен қызына мейірім көрсетпейді, сондықтан барып Ғайша бас бостандығын іздеудің басқа жолын қарастырады. Өзіне тең, басына азаттық берер ер іздеген Ғайша Қожашпен кездеседі.
Қожаш және оның жолдастары – Жүніс, Әлжан, Біркелер Ғайша бейнесін тамықтары түсетін, бас бостандығын аңсаған жастар. Қожаш-кедей таптың өкілі. Ғайшаның теңіне қосыла алмауы сияқты, Қожаштың да өз теңдес қызды айттыра алмастай себебі бар еді. Оның қалың беріп, қыз айттырарлықтай шамасы жоқ. Қалыңмал тек Ғайшаны ғана жылатып қоймайды, Қожаштың да қолын байлайды.
Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Итбайдың қалыңмал алып, қызын ұзатуы, қыздың бұл іске наразылығы Қожаш әрекетін біршама жеделдете түседі. Ол Ғайшамен көңіл қосып, оны алып қашады, бұл істе оған жолдастары көмектеседі.

## Мазмұны


Кіріспе . . . 3

I тарау. С.Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы . . . 8

I.1. С.Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы . . 8

I.2. Педагог-жазушының негізгі шығармасының жазылу тарихынан . . . 15

II тарау Тәрбие көзі — шығармаларының негізі . . . 28

II.1. Тәрбие көзі - шығармаларының негізі . . . 28

III тарау „Қалың мал" - қазақтың тұңғыш романы . . . 38

III.1 „Қалың мал" - қазақтың тұңғыш романы . . . 38

III.2. Мектепте С.Көбеевтің шығармашылығын оқыту . . . 56

IV Қорытынды . . . 69

Пайдаланған әдебиеттер тізімі . . 73

Жүніс, Бірке, Әлкендер – Тұрлығұл, Байғыздардың тізесі талай батқан кедей ауылдың бас көтерер жастары. Тұрлығұл мен олар арасындағы тартыс арқылы жазушы қазақ ауылындағы таптық жікті, олардың шиеленісе бастағанын көрсетеді. Кедей ауылдың бұл жігіттері елдің тарықсыз жәбірлеушілерге қарсы бой көтеріп, қарсы тұра бастайды. Олар Кеңшалғында даулап ауылына келген би-болыстарды жалтаң шығарып, тұсармай жіберуге дайындалады, ұрыншақ, тентек бай баласы Шалқанды сабайды т. б.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Қожаштың қызды алып қашуы туралы ойы – тек Жүніс, Әлкен, Біркелер ғана емес, Тұрлығұл тізесі батқан көп адамның ескі жарасының аузын ашады. Олар ел болып Ғайшаны Қожашпен қашырып жіберуге, сөйтіп Тұрлығұлдан кек алуға қосылады.

Қожаштың Ғайшаны алып қашуы, Тұрлығұлдың жиілі-еске қазақ ауылының ұйғине сіңіп, берік орын тепкен әдет-ғұрып заңына берілген қатты соққы еді.

Ұнымсыз кейіпкерлердің ішінен даралап суреттелетін тип – Ғайшаның әкесі Итбай. Шала молдалығы бар, бірақ онымен береке мал тауып көрмеген бұл адамның есіл-дерті – бай, мал жию. Ол

Тұрлығұлдай бай болуды армандайды. Дүниеқоңыз, малқұмар адам баю жолындағы кедергінің бәрін де өзінің өресіз әрекетімен қарсылық көрсетіп, Ғайша тұсында қалыңмал алу арқылы дәулет жинап қалуды көздейді. Тұрлығұл байдың бәйбішесінің өлуі мен оның Ғайшаға сөз салуы Итбайдың тәңірден сұрап ала алмай отырған тілегі еді. Сондықтан да ол Тұрлығұл құдалыққа кісі жібергенде, қатты қуанады. „Бұл Тұрлығұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазынаны бұзбай сал", - дейді Итбай әйеліне.

Итбайдың мінездеуде көрнекті рөл атқарып тұрған осы бір деталь оның жемауттығын айғарттайды. Әйтеуір қонақтардың көңілін тезірек тауып, олардан құдалық туралы жылы сөз естіп қалуға асығады.

„Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, он құлынды бие сұрасам ба екен, болмаса тағы мың теңге ақша сұрасам ба екен. Қой, ақшадан он құлынды бие дұрыс болар, бес-алты жылда, Құдай бұйырса, түзу тартпа жылқы болмай ма? Жазғы қызынаның өзі қандай, үй сыртына ұзын желіні құрып, құлындарды шығартып байлап жатқан қандай?.. Құдай тілекті берсе, мұратқа жетсем!"

Малдан басқа көрері де, арманы да жоқ,

сиық байлыққа құмар Итбай қызын сатып баюды осылай қиялдайды. Сондықтан Тұрлығұлға Ғайшаны беруге тез келіседі.

Итбай бейнесін жасауда жазушы юморды шебер пайдаланады. Ол Итбайдың теріс мінез, ісше қылықтарын үнемі келекелеп, сынап отырады.

Жазушының суреттеуінде, Итбай - тек малқұмар, дүниеқоңыз адам ғана емес, даңққұмар, даңғой, мақтаншақ адам. Онда өз шаруасына пысықтық, ұқыптылық, тапқыршылдық, епшілдік мінез бар. Бай қылған күнде, Итбай сараңдығымен ғана емес, жалпы адамгершілігінің жоқтығымен аты шыққан қытымыр қазақ байларының қай-қайсысынан болса да кем түсе қоймас еді. Жалғыз қызын малға сатып, жылатып, оның көз жасын көрмей, еңірегенін елемей тұрғандағы Итбайдың кейпі де осы. Оның ойлауынша, байлық болса, қалған дүние өзі құрала береді. Даңқ, атақ, абырой, бедел, т.б. Итбай үшін қажет ұғымдардың бәрі - байлық төңірегіндегі қоңсы дүниелер. Олар түгел болса, Итбай жақсы болмақ. Сондықтан да Итбай Тұрлығұл малының көп жететін білгендік, өзі де сол байларға „болмаса да ұқсап бағуға" тырысады.

Романдағы унамсыз кейіпкерлердің бірі - Тұрлығұл. Жазушының суреттеуінде

ол – „ұзын бойлы, мес қарын, түксиген, қалың қабақты, көп сөйлемейтін, жалпақ мұрын, қарсы келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазақ, қатты мінезді адам". Сыртқы бейнесі осындай Тұрлығұлдың іші де толған арамдық пен надандық. Ол – шынжыр балақ, шұбар төс" атанған ескі ауылдың байы. Тұрлығұл, жалпы, адамшылық қасиеттерімен, жақсы қылықтарымен емес, елді өзінің байлығымен сатып алғысы келеді. Байлық – ол үшін жақсы, беделді болудың кепілі. Қазақ әйелдерінің құр соңынан қалмай, оларды зарлатқан, әйел теңдігін аяққа басқан, көптеген демократ жазушылардың ызасын келтірген, оның ішінде, „Қалыңмал" романының авторы осы шығармасында айрықша көтерген қалыңмал – осы Тұрлығұлдардың малы. Тұрлығұл өзінен гөрі малына көбірек сенеді. „Маған бермегенмен де, малға береді ғой", – дейді ол Ғайша жайын алғаш сөз еткенде.

Осындай малға ғана сүйенген, одан басқа сенері де, сезері де жоқ, сасық бай Тұрлығұл – сезімсіз, топас, қаратүрек адам. Жасының жетпістен асып кеткеніне қарамастан, ол малға сатып жас қыз алады. Ғайшаның жасына, обалына қарамайды. „Мұның өз күнін өзіне көп қылайын, – деп ойлайды

Ғайшаның көнбейтінін білген бай. – Әлі де бол-са бір жеті, он күн байқап, егер бұл қылығын қоймаса, осы малдың ортасында тағы бір қа-тын алатын. Сөйтіп, мұны күң есебінде ұс-таймын".

Бұл өзіңді көп қатын алуға жақтайтын надан байдың түсінігін әшкерелейді. Тұрма-ғұлдар өз кезінде мұндай құқықты шексіз пайдаланды. Олар, біріншіден, патриархалдық феодалдық қоғамның салт-санасы мен әдет-ғұрпына, екіншіден, патша өкіметі мен оның шенеуніктеріне сүйенеді. Бұл екі заң да Тұрмағұлдар құқығын шексіз қорғады.

Романда суреттелетін Байғазы, Құрымбай деген билер де Тұрмағұлмен тамырласып байланысып жатқан ескі ауылдың әкімдері. Жазушы олар жайлы: „Бетіне жан келмей-тін билер, айтқаны келіп, атқаны тиме-ген жер жоқ. Екеуі де өлгенше парақорлар, жемқорлар, кісі етінен басқаны аямсынбай-тындар", - дейді.

„Қалыңмал" романның елеулі қасиеті мен тарихи маңызы - оның қазақ әдебиетін-дегі алғашқы романдарының бірі болуында және әрине шақ көркемдік үлгіде жазылуын-да. Бұрын көркем прозасы болмаған елде ро-ман жазу оңай іс емес еді. Бұл „Қалың-мал" романы автордың алғаш кездестір-ген қиыншылығы болды.

Қазақтың ұлттық әдебиет дәстүрінің әсері романдағы кейіпкерлердің мінездемесінен анық байқалады. Әсіресе Ғайша мен Қожаш бейнелерін жасауда жазушы ауыз әдебиетінің ұнамды кейіпкерлерін әрі сұлу, әрі әнші, әрі балуан — „сегіз қырлы, бір сырлы" етіп суреттеу әдісін пайдаланады. Олар айтыс үстінде табысады. Итбай бейнесінде „Қозы Көрпеш - Баян сұлу" жырындағы Қарабайдың көп белгілері бар. Романның композициялық құрылысына да ауыз әдебиетіне тән әңгімешілдіктің әсері тиген. Ғайшаның мұңын әкесіне әнмен айтуы, Серғазы үйіндегі той суреті, Ғайша мен Қожаштың кезекпен ән айтуы ұлттық әдебиет ықпалынан туған. Сонымен бірге жасынан Пушкин, Гоголь, Чехов шығармаларын оқып, оны қазақшалап ел ішіне таратқан жазушыға бұл қаламгерлердің жазу тәсілі, гуманистік идеясы әсер етпей қойған жоқ. Ол кейіпкерлеріне ат таңдауда (Итбай-Собакевич), олардың іс-әрекетін сыншылдық тұрғыда суреттеуде Гоголь тәжірибесіне жүгінген сияқты. Гогольдің сараң өзімшіл кейіпкерлерінің сипаттарын „Қалыңмалдан"да табуға болады.

Романның құрылысында үлкен прозаға тән оқиғалардың үзілмей жалғасып отыруы, олардың өрістеуі мен шиеленісі дұрыс орын

Ондағы тартыс та заман шындығына лайық ойластырылған және шығарма бітімінде жарасымды тұтастық бар.

Тіл ерекшеліктері жағынан да „Қилы заман" өз үзірінде әдебиетте көрнекті орын алады. Роман тілі біркелкі тартымды. Жазушы өзінің кейбір замандастары сияқты тіл шұбарлауға бармай, таза ұлттық тілдің қарапайым үлгісін пайдаланады. Кейіпкерлердің де өзіндік тілі бар. Тұрлығұл, Байғазы, Құрымбайлар тілінде заманның белді адамдарына лайық өктемдік, қулық-сұмдық танылса, Итбайдың ұсақ мінезі, даңғойлығы, байлыққа құмарлығы да оның тілдік мінездеулерінен байқалады. Халықтың әдет-ғұрпы, салты, суреттері де жарқын.

Жазушы кейіпкерін сөйлете білумен шектелмейді. Онда табиғатты, адам сезімін суреттейтін көріністер де біркелкі әсемі берілген. „Ауылдан бір шақырымдай жердегі көлде қаз қаңқылдап, шағала шаңқылдап, үйрек пырылдап ұшып жатыр. Аққудың да сыңқылдаған даусы естіледі. Есіл бойындағы бұталарды паналап, сайраған сандуғаштардың даусы қайғылы көңілді жұбатқандай. Ертелеп торлаған бозторғайдың даусы ұйқылы-ояу үйде жатқан шаруаны тербетіп отырғандай" деген шағын суреттің өзінде даланың көңілді шағы, оның адам сезіміне әсері

нанымды берілген. Жаздың шығуы роман кейіпкерлерінің көбіне-ақ қажет тәрізді. „12 бие құлындатып саумын", - деп Итбай жаздан үміт күтсе, Қожаштың келетін күнін аңсап Ғайша да көңілді көрінеді. Суретте табиғаттың көңілді көрінісі адам сезіміне әсер етіп, үйлесім табады.

Бұл айтылғандар „Қалыңмал"-қазақтың демократтық, ағартушылық әдебиетінің реалистік дәстүрін әрі қарай жалғастырған және жаңа тақырмен байытқан туынды болғанын дәлелдейді. Спандиярдың жазушылық, ағартушылық, педагогтік қызметі өзі өмір сүрген заманның талабынан туды, халықтың рухани тілегіне жауап береді.

II тарау. Тәрбие көзі – шығармаларының негізі.

II.1. Тәрбие көзі – шығармаларының негізі.

1903 - 1905 жылдары шінде Спандияр Петропавл уезіндегі Нилді болыстық мектебінде істейді. 1905 жылы жазда Омбы қаласында бір айлық ауыл мұғалімдік курсында оқиды. Будан кейін Спандияр Петропавлдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне орналасады, онда 1910 жылға дейін мұғалім боп істейді. Осы жылдарда (1908-1909) ол өзі Кішіқұмда бастаған аударған Крылов мысалдарын көбейтіп, жөндеп, баспаға ұсынады. Ол аудармалары 1910 жылы Қазанда „Үлгілі тәржімә" деген атпен басылады.

И. А. Крылов мысалдарын кезінде Абай мен Ыбырай, одан кейін Спандиярдың замандастары А. Байтұрсынов пен Б. Өтетілеуов те аударған. Солардың бірінің Крылов мысалдарына жүгінуі кездейсоқ емес еді. Сол дәуірдегі орыс қоғамы мен қазақтың тұрмыс-тіршілігінің, олардағы әлеуметтік теңсіздіктің, зорлық пен әділетсіздіктің ұқсас жақтары да аз болмайтын. Сондықтан қазақ ақындары Крылов мысалдарында суреттелетін арыстан, аю, қасқыр, түлкі сияқты жыртқыштардың қой-қозы,

өңі тәрізді момын жануарларға жасаған зорлығынан ел өмірінің шындығын таныды, оны түсінудің аумағын сынауға мүмкіндік алды.

Қаладан шалғайда, қараңғылықтың қаймағы бұзылмаған заманда Шіркей байдың аулы сияқты жерлерде Көбеев те осы тәрізді сорақылықтарға ұшырасты. Оларды жас ұстаз ақын Крылов үлгісімен сынауға тырысты. Мұның өзі заманның талабы еді.

Зорлық пен әділетсіздікті ғана емес, надандық пен тоғышарлық, мақтаншақтық пен көрсеқызарлық, әлін білмей, қолдан келмес іске ұмтылушылық сияқты өрескел қылықтарды да Көбеев Крылов мысалдарын аудару арқылы сынға алған. Мысалы, ол „Маймыл мен көзілдірік" атты мысалда біреудің айтуымен көзілдірік алып, оны іске жарата алмаған маймылды күлкі етеді. Мысал идеясы – әр затты өз орнына пайдалану, оның қадірін, бағасын білу. „Аққу, шортан һәм шаянда" алауыздықты сынау арқылы қазақ халқына бірліктің ынтымақтың керектігін ескертеді.

„Көлбақа мен Нитер" атты мысалында Крылов әлін білмей әлекке түскен және өз ісінің оңға баспағанына біреуді кінәлайтын тоғышар адамдарды сынаған еді.

Кіріспе

Тақырыптың өзектілігі. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ мәдениеті мен әдебиетінің тарихында Спандияр Көбеевтің көрнекті орны бар. Қазақ жерінде ашылған алғашқы орыс мектептерінен тәрбие алған ол өзінің барлық саналы өмірін туған халқының мәдениет пен білім жолында ілгері ұмтылуына жәрдемдесуге арнады. Жаңа үлгідегі қазақ мектептерінде сабақ беріп жас ұрпақты тіл мен әдебиеттің, мәдениеттің үйренуге баулыды. Бұл саладағы қызметін Спандияр ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогтік үлгісімен жүргізді. Би-болыстардың қырына ілінген қыңыры жетім кесірінен мектепке ілуге алмай қалған кедей баласын алғаш орналастырған да Торғайдың оқу инспекторы еді. Ұлы ұстазы алдында таңданған, оның мейірімділігі мен кең пейіліне риза болған Спандияр ішінен соған ұқсауды армандаған-ды. Ыбырай секілді халыққа пайдалы азамат болу, өз білімін елін ағартуға жұмсау Спандиярдың өмір бойғы арман-тілегі еді. Шындығында бүгінгі таңда да ұлттық педагогика туралы көзқарастар толастаған жоқ. Бұл мәселе бойынша Президентіміз Ислам Абдуғаниевич Каримов: „Келажаке буюк давлатда яшаётган халқнинг жар томонлама комил инсонлар бўлиши талаб

Онда батпақты, сулы жерді тастап, тау басына шығып кеткен көлбақа жер кепкен кезде мекеніне жете ал-май, тәңіріден топан су ағызуды ті-лейді. Тілегі болмаған соң Юпитерге тіл тигізеді. Юпитер оған елге жаман-дық ойлағаныңа, ақырында төмен түс дейді. Мысалды Спандияр:

Жоғы-ақ бұл кезуші адамзаттың
Ұқсайды ғибратына ушбу жаттың.
Көл тастап, тауға шыққан бақадай-ақ
Тілегі бір басына ақымақтық, –

деп қорытады.

Крылов мысалдарын оқу, аудару Спандиярдың демократтық көзқара-сының қалыптасуына зор әсер етті. „Қойлар" мен „қасқырлардың", әлді-лер мен әлсіздердің, момындар мен жемқорлардың арасындағы күресті айтқанда, ол үнемі халықты, әлсіз момынды жақтайды, оған зорлық жасамауды уағыздайды.

„Арыстан мен масаларда" ақын:

Нашарға күлмеңіздер күші жоқ деп,
Кемдікке қалдырмаңыз не қылад деп.
Жиылып ершек жаман кейбір жерде,
Алыптың сыбағасын басып көптеп.
Іс етпекушіне сесін болған мықты,
Кінә қып жоқ нәрсені барды-тоқты.

Ат патшасы кәдуілгі Арыстанды,
Таңдаңыз сары масалар не қылыпты,—
дейді. Одан әрі күшейген Арыстанды сары масалардың талап, орманға қуып тыққанын әңгімелейді.

„Арыстан мен тышқан", „Жапырақтар мен тамырлар" атты мысалдардың идеясы да қалың бұқараның бойында үлкен күш барын аңғартуға құрылған.

Спандиярдың тәуір аудармалары өз кезі үшін ғана емес, бүгінгі оқырмандар үшін де мәнін жойған жоқ.

„Үлгілі тәржімәнің" шығуы Спандиярдың шығармашылық өмірінде елеулі оқиға болды. „Осы жинақ шыққаннан кейін мен жазушылыққа бет бұрдым,—дейді ол „Орындалған арманда". —Маған жазу жұмысы қолымнан келетін іс сияқты болып көрінді. Бірақ ол кезде ең алдымен мектеп балалары үшін қазақ тілінде оқу құралдары керек еді. Сондықтан мен ең алдымен оқу құралын жазып, кітап етіп бастыруға шығаруға талаптандым".

С. Көбеевтің бұл кітабы — „Үлгілі бала" 1912 жылы Қазан қаласында басылып шығады. Ол бастауыш мектептегі қазақ балалары үшін оқу кітабы ретінде құрастырылған. Оған автор өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға

арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғат жайлы балаларға мәлімет беретін қысқа-қысқа әңгімелерді кіргізген.

Оқу кітабын құрастыру барысында ол К. Ушинскийдің „Родное слово" кітабына сүйенген. Бірқатар материалдарды содан еркін аударып, пайдаланған.

Мысал үлгісіндегі шағын әңгімелердің көбін Спандияр Л. Толстой („Құмырсқа мен көгершін", „Ат пен есек", „Атасы мен немересі", „Қоян мен қолбақалар", „Екі жолдас", т.б) мен Ушинский („Екі соқа", „Түлкі мен теке", „Сауысқан мен қарға" т.б.) кітаптарынан алған. Бұл шығармаларда педагог-жазушы балалар үшін тәрбиелік мәні бар мәселелерді көтереді. „Құмырсқа мен көгершінде" қиын жағдайда екеуінің біріне-бірінің көмектесуін айта отырып, адамды адамға жақсылық жасауға үндесе, „Ат пен есекте" жүгі ауыр есекке көмектеспей, ақырында аттың өз бейнет көргенін сынайды. „Сауысқан мен қарғада" мылжыңдықты шенесе, „Екі соқада" еңбекқорлықты мадақтайды.

„Үлгілі балада" С. Көбеевтің өзінің бірсыпыра төл шығармалары да бар. Олар — әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты, үстем топ адамдарының қатыгездігін әшкерелей-

тін, жетім-жесірді аяуға үндейтін өлеңдер мен әңгімелер.

„Жетімнің өлеңі" атты шығармасында автор жастай жетім қалған баланың ауыр тағдырын суреттей отырып, жалпы халықтың азаттығы идеясын қозғайды.

Шөлдесең, сусын болар көлдер қайда?
Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?
Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенімде,
Сипайтын маңдайымнан ерлер қайда?

Жетімнің тағдыры туралы ойдың халық тағдырына ауысуы осы шумақтан анық көрінеді.

Спандиярдың бұл тақырыптағы шығармаларында халық бұқара өкілі мейірімді, ыстық жүректі, кең пейіл адамдар болып суреттеледі. „Жарлы мен бай" атты әңгімеде бір жарлы қайыр сұрап кетпеген соң бай оны таспен ұрады. Кедей тасты алады да, „сені ұратын күн туғанша сақтаймын" дейді. Бірақ кейін кедейленген байды ұрмайды, аяйды. „Қайыршы" өлеңінде қайыршы шал елден жинағанын ғарып-ғасірлерге үлестіреді.

„Ұғымды бала" кітабының маңызы оның алғашқы оқу кітаптарының бірі екендігінде ғана емес, ондағы шығармалар Спандиярдың жазушы ретіндегі демократтық, ағартушылық көзқарасының

толыса түскендігінің айғағы тәрізді.

„Үлгілі тәржіма", „Үлгілі бала" кітаптарының шығуы С. Көбеевтің әдебиетке деген ынтасын арттыра түсті. Оның үстіне, жазушы осы екі кітабын жазу үстінде орыс әдебиетін оқып, одан көп үйренді. Мұның барлығы жас жазушының болашақ шығармашылығына игі әсер етті. Соның сәтті жемісі ретінде дүниеге „Қалың мал" романы келді.

Бұл жөнінде жазушы былай дейді: „Надандыққа, феодалдық ескілік, өрескел, сорақы салтқа қарсы күрес жүргізудің бірден бір жолы — халықты ағарту, балаларды оқыту, халықты сауаттандыру деп, оны мәдениет сатысына аяқ бастыру деп ұғынушылардың бірі мен едім. Бірақ сегіз-тоғыз жыл оқытушы болғаннан кейін феодалдық салтпен күресу үшін тек бір ғана балаларды оқыту жеткіліксіз екеніне көзім әбден жетті. Бұл күресте халық санасына күштірек әсер ететін басқа да құралдар керек екендігі көрінді. Іздене келе мен осы мақсатқа жету жолында ағартушыға ыңғайлы күрес құралының бірі - көркем әдебиет екен деген ой түйдім. И. Крыловтың мысал өлеңдерін аударуымның, мектеп оқушысы былай тұрсын, халық бұқарасына

еткен жері - осы ойымның дерегі еді. Мен осы ойымды жүзеге асыру мақсатымен 1911 жылдан бастап „Қалың мал" романын жазуға кірістім".

„Қалың мал" 1913 жылы Қазанда басылды. Будан кейінгі жылдарда да Спандияр оқытушылық қызметпен (1910-1919 жылдар арасында ол Қостанай облысының Федоровка селолық мектебінде істеген) жазушылықты қоса жүргізуге талаптанған. Төңкеріс жылдары „Бақыттылардың бір күні" атты роман жазады, бірақ аяқталмаған күйінде роман қолжазбасы жоғалып кетеді. Кейін „Қазақ қызы", „Қазақ аулындағы тұңғыш мектеп" атты шығармалар жазбақ болды. Алайда денсаулығының нашарлауы себепті оларды жаза алмайды. Сөйтіп өмірін оқытушылыққа арнап, жазушылық жұмыстан ұзақ уақыт қол үзіп қалады.

1951 жылы Спандияр „Орындалған арман" атты мемуарлық кітап жариялады. Кітап 1954 жылы өңделіп, екінші рет басылды.

„Орындалған арман" - педагог-жазушының өткен өмір жолы, қоғамдық қызметі, ортасы мен дәуірі жайлы шығарма. Онда автор заман шындығын әр қилы оқиғалар мен адамдар

тағдыры арқылы көрсетеді. Кітапты оқып отырғанда, ең алдымен, өзінің көп жылдық өмірін халық қызметіне арнаған, екі дәуірді басынан кешірген, талай қилы кезеңдер, қилтарысы мол жолдардан өтіп, халқына адал қызмет еткен, көрнекті қоғам қайраткері дәрежесіне көтерілген қарт педагог-жазушының бейнесі көз алдыңнан өтеді, оның көзқарасының қалыптасуы нанымды суреттеледі. Айналасында болып жатқан өзгерістерге бақылаушы болып сырттан қарап тұрмай, С. Көбеев өмірге етене араласып жүрді. Сондықтан оның қандай оқиғаға болмасын өз көзқарасы, өз қатынасы бар. Жазушы өз бейнесін қазақ етіп ұстайды да, ескі қазақ ауылындағы байлар мен кедейлер арасындағы әлеуметтік қақтығыстар, жер дауы, жесір дауы, 1905 жылы алғашқы орыс төңкерісінің қазақтарға әсері, 1916 жылғы көтеріліс, кейде шағын эпизодтар арқылы айқын көрсетіп отырады. Шығарманың негізгі кейіпкері ел басындағы ауыртпалықты бірге көтереді, қолынан келгенін халық мүддесі жолына жұмсайды.

Кітапта Ыбырай Алтынсариннің

халық мүддесі жолындағы қызметін көрсетуге біршама көңіл бөледі. Автор қазақ даласында алғаш мектептер ашқан, сол мектептердің біріне өзін оқуға орналастырған ағартушы-педагогтің жарқын бейнесін жасайды, онымен кездесулерін әсерлі баяндайды.

Автор ескі ауылда етек жайып, оны рухани жүдеткен қараңғылық пен надандықты әшкерелейді. „Қара бақсының хикаясы", „Надандық құрбаны" атты тарауларда өлімші шалдың жас қызды алып азапқа салғанын, надан елді алдаған бақсы-балгердің топастығын көрсетеді. Сүйген қызы Сағынаны өлімге душар еткен даланың тоқ мойын, суық жүрек тағы адамдарын (Нұржақып) еске алады.

Кітаптың соңғы бөлімін Спандияр өзінің Кеңес өкіметі жылдарындағы қызметіне арнаған.

Спандияр өмірінің соңғы жылдарына шейін өзінің туған ауылы Ақсуаттағы (Меңдіқара ауданы) он жылдық мектепте оқытушы болып істеді. 1956 жылы 21 желтоқсанда 78 жасында қайтыс болды.

## III тарау. „Қалың мал" – қазақтың тұңғыш романы.

### III.1. „Қалың мал" - қазақтың тұңғыш романы

„Қалың мал" романы - қазақ әдебиеті тарихындағы қара сөзбен жазылған алғашқы көлемді шығармалардың бірі.

Роман тақырыбы - әйел теңсіздігі мен жастардың бас бостандығы мәселесі. Тақырыпты таңдау және жазу себептері жайлы жазушының өзі былай дейді:

„Романды жазуға тағы бір ең басты себеп болған нәрсе - қазақ әйелінің қыстауы, қазақ әйелдерін теңсіздікте, қорлық-зорлықта тұтып, малға теңеген феодалдық салтқа қарсы күрес жүргізу мақсаты еді. Демек, роман арқылы феодалдық ескі салтты әшкерелеу, қалың халық бұқарасын одан бездіру, әйелдерді азаттық күреске шақыру еді."

XX ғасырдың бас кезіндегі халықты отаршылдықтан азат ету, теңдік үшін әлеуметтік күрес кезінде қазақ әйелдерінің тағдыры айрықша көзге түсті. Қалың мал, көп әйел алушылық, әменгерлік салттары ескіріп, оған қарсылық та молая бастап еді. Теңіне бара алмаған, әйел

үстіне тоқалдыққа малға сатылған қыз ғана емес, оның тілектестері - анасы да, жеңгесі де, сіңлісі де, қыздың сүйген жігіті де, жаны ашыр ағайыны да, туған-туысқаны да қыз мұңына қосыла дауыс көтерді. Ол кездегі әлеуметтік теңсіздік мәселесін әңгіме еткенде, ең алдымен әйел мәселесі сөз болатын себебі де осында.

Мәселенің демократтық тұрғыдан қойылуы, тиянақты шешім табуымен және шығарманың қазақ әдебиетінде бұрын таныла қоймаған жаңа прозалық роман түрінде жазылуымен „Қалың мал" өз заманындағы басқа шығармалардан оқшау тұрады. Жазушы онда әйел теңсіздігін мүлдем бөлек сөз етпей, оны төңкеріс алдындағы қазақ ауыл өмірінің шындығымен тығыз байланыста алады.

Ескі ауыл дегенмен, төңкеріс алдындағы қазақ ауылы да дамудан тыс, тоқырап қалған дүние емес, аздап болса да жаңғаланып, ілгері дамып келе жатқан ел еді. „Қалың мал" - сол ескі ауыл тарихының бір көрінісі.

1905 жылғы буржуазиялық-демократиялық төңкеріс езілген ұлттардың оянуына, ұлт аймақтарында қоғамдық ой-пікірдің жандануына үлкен

этилмади. Ёшларни замонавий фан-техниканинг, умуман, илм-фаннинг ютуқларидан баҳраманд қилмасдан туриб, уларга юқори малакали ихтисос эгалари бўлиб етишишига шароит туғдирмай туриб, биз республикамиз халқ хўжалигини, саноат ишлаб чиқариш соҳаларини тубдан ўзгартира олмаймиз. Яна бир нарсани биз ҳеч қачон эсимиздан чиқармаслигимиз лозим: истеъдодли ёшларга шароит яратиш"[1] деген болатын.

Спандияр Көбеев өзінің ұзақ та жемісті ұстаздық еңбек жолын „Орындалған арман" (1951) атты мемуарлық кітабында баяндады. Жазушы шығармасында бастан кешкен дәуірдің нақты тарихи деректерін негізге ала отырып, әлеуметтік-қоғамдық құбылыстарды шынайы суреттейді, көптеген адам образдарын бейнелейді. Көбеев ұстаздық тумысы мен жазушылық қызметін тығыз байланыстыра жүргізді. Өзі оқытқан шәкірттерінің сабақтан тыс оқуына арнап орыс жазушылары мен ағартушыларының бірқатар шығармаларын қазақ тіліне аударып, „Үлгілі тәржіме" деген атпен жеке кітап етіп бастырды. 1912 жылы Спандиярдың „Үлгілі бала" атты кітабы шықты. Бұл – бастауыш мектептегі қазақ балаларына

1. И.А. Каримов „Ўзбекистон мустақилликка эришиш остонасида" Т.: „Ўзбекистон", 2011 йил. -142 б.

себепкер болғаны мәлім. Әлеуметтік өмірдегі осындай өзгерістер лебі қазақ аулында да сезілді. Ескіліктің қатаң тәртібіне, феодалдық әдет-салтқа қарсы бой көтеру белең алды.

„Қалың мал" романында қазақ әйелінің теңсіздігімен бірге ескі патриархалдық әдет-ғұрпын сынаумен, қазақ аулындағы таптық жіктелушілік пен байлардың қалың бұқараға жасап отырған озбырлығы суреттеледі.

Жазушының бағыты айқын. Ол феодалдық салт-шырмаудан босатып, әйелді еркіне қосуды, қалың малды жоюды ұнатады. Екіншіден, байлардың зорлығына қарсы кедейлердің бой көтеруін мақұлдайды. Бұл романда Бүке, Әлкен, Жүністердің іс-әрекеті арқылы көрінеді.

Жазушы төңкерістен бұрынғы кедейлер өміріне үлкен аянышпен қарайды. Тұрлығұл байдың Медеу руына жасаған зорлығын суреттей келіп, „Әй бишара кедей-ай! Саған атар таң, шығар күн бар ма екен!" дейді.

Романның негізгі идеясын автор характерлер арқылы ашуға тырысады. Олар көзқарасы, іс-әрекеті жағынан екі түрлі. Бір жағында Ғайша, Қожаш және олардың жақтастары болса, екінші жағында

Итбай. Тұрлығұл мен олардың тілектестері көрінеді. Роман осы екі көзқарастың тартысына құрылған. Тіпті Қоташ пен Ғайша арасындағы сүйіспеншілік, махаббат жайы да осы әлеуметтік күрес идеясына бағындырылады.

Романның басты кейіпкері - Ғайша. Шығарманың негізгі түйіні қазақ әйелінің теңсіздігі мен оны қорлыққа душар еткен қалың мал - осы Ғайша өміріне байланысты.

Ғайша - сол кездегі қазақ әдебиетіндегі жаңа бейне. Ол қалың малға сатылып, жесірлік еркімен сүймеген адамына бармауға бекінуі, өз бостандығы үшін күреске шығады, өзіне тең, адал жар іздейді. Тұрлығұл үйіне барып мал жинап, байдан көрген сый-сияпатын айтып жетісе алмай отырған Итбайға өз наразылығын ескертеді.

Әй, аға, шынықменен малға беріп,
Ғайшаның теңін таппай, малға беріп,
Жиылған ағайынға отырғаның,
Біреудің бақ-дәулетін қызық көріп.
Мен сорлы екі-үш күннен отқа түскен,
Отырған апам жетпей қалуға еніп.
Жүрегім, басым дал боп, ішім күйіп,
Қайғымен, уайыммен, шыттық есіп.
Қор болу қиын емес екендігін

Түсініп, есіме алдым бүгін біліп.
...Ғайшаның ұзақ жатып жылар күні,
Халықтың бұл қалай деп санар күні.
Ескермей еш бір нәрсе жүруші едім,
Бар ма екен қасірет-қапа шығар күні!
Ғайшаның тең қайда, емі қайда?
Жеңгі уайымсыз күні қайда?
Қылқалды сүйгеніме берем дейтін,
Әкеңнің жаңа шықпақ сөзі қайда?
Көз жасыма, ренішіме қаламысың?
Баланды от пен суға саламысың?
Болмаса, жаның ашып, жалғызыңды
Айырып жау қолынан аламысың?

Ғайшаның әкесіне айтқан бұл өлеңінен басына іс түсіп, не істерін білмей дал бол-ған шерлі адамның ауыр күрсінісі естіледі. Өзгі ортаның, қасірет пен қайғыға тұншық-қан қыз үні әкі тек жалбарыну емес, ыза сыбып артқандай естіледі. Ғайша сол өмір-мен феодалдық ескі салт-санаға, әдет-ғұ-рып заңына қарсы айтады.

Бірақ малдан басқа ешнәрсе де, сүйгені де тек Итбай Ғайша мұңын түсіне алмайды, жылап зарға түскен қызына мейірім көрсетпейді, содан барып Ғайша бас бостандығын іздеудің басқа жолын қарастырады. Өзіне тең, басына азаттық берер ер іздеген Ғайша Қожанмен кездесіп, қашып кетеді.

Жазушы Ғайшаны „сұлу, ай десе аузы, күн десе көзі бар, киген киімінде бір кіршік жоқ, бармақтары майысқан, тал бойы шыбықтай" деп суреттейді.

Қожаш және оның жолдастары – Жүніс, Әлкен, Біркелер Ғайша бейнесін толықтыра түсетін, бас бостандығын аңсаған жастар.

Қожаш - кедей таптың өкілі. Ғайшаның теңіне қосыла алмауы сияқты, Қожаштың да өз теңдес қызын айттыра алмастай себебі бар еді. Оның қалың беріп, қыз айттырарлықтай шамасы жоқ. Қалың мал Ғайшаны ғана жылатып қоймайды, Қожаштың да қолын байлайды.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Итбайдың қалың мал алып, қызын ұзатуға даярлануы, қызың бұл іске наразылығы Қожаш әрекетін жеделдете түседі. Ол Ғайшамен көңіл қосып, оны алып қашады, бұл істе оған жолдастары көмектеседі.

Жүніс, Бірке, Әлкендер – Тұрлығұл, Байғазылардың тезі талай батқан кедей ауылдың бас көтерер жастары. Тұрлығұл мен олардың арасындағы тартыс арқылы жазушы қазақ ауылындағы таптық жікті, олардың шиеленісе

бастағанын көрсетеді. Кедей ауылдың жі-гіттері өздерін жазықсыз жәбірлеуші-лерге қарсы стихиялық түрде болса да, бой көтеріп, қарсы тұра бастайды. Олар Кеңшілгінді даулап, ауылына келген би-болыстарды жанжал шығарып, түсірмей жіберуге дайындалады, ұрысшақ, жетпес бай баласы Шалқанды сабайды, т.б.

Тұрлығұлдың Ғайшаны айттыруы мен Қожаштың қызды алып қашуы туралы ойы - тек Жүніс, Әлеп, Бүркелер ғана емес, Тұрлығұл тізесі батқан көп адамның ес-кі жарасының аузын ашады. Соны ол біліп Ғайшаны Қожашпен қашырып жіберуге, сөйтіп Тұрлығұлдан кек алуға бекиді.

Серғазы Ғайшаны Тұрлығұлға беруге ашық қарсы бола алмаса да, „Ғайша жас, Тұрлығұл алпыста ма, әлде одан да артық па, аппақ шалға барып бейшара қалай адал болады? Бейшарада күнә жоқ, қайтсін байғұс, қалай зарлмасын? Обал!.. Обал!.. Алғашқы кезде, осының обал-сауабына кірісkендей болып ем, енді жеті келсе құ-тылуына себепкер болсам," деп ойлайды. Кейін Серғазы өз басына келетін ауырт-палыққа қарамастан, Қожаштың Ғай-шаны алып қашуына көмектеседі.

Қожаштың Ғайшаны алып қашуы, Тұрлығұлдың жеңілуі - ескі қазақ ауы-

ның сүйегіне сіңіп, бәрін ерен тепкен әдет-ғұрып заңына берілген қатты соққы еді.

Ұнамсыз кейіпкерлердің ішінен ерекше дараланып, әржақты суреттелетін тип – Ғайшаның әкесі Итбай. Шала молдалығы бар, бірақ онымен берекелі мал тауып көрмеген бұл адамның есі-дерті – баю, мал жию. Ол Тұрлығұлдай бай болуды армандайды. Дүниеқоңыз, малқұмар адам баю жолындағы кедергінің бәріне де өзінің ерсі әрекетімен қарсылық көрсетіп, Ғайша арқылы дәулет жинап қалуды көздейді. Тұрлығұл байдың бәйбішесінің өлуі мен оның Ғайшаға сөз салуы Итбайдың тәңірден сұрап ала алмай отырған тілегі еді. Сондықтан да ол Тұрлығұл құдалыққа кісі жібергенде қатты қуанады.

„Бұл Тұрлығұл байға біздің Ғайшажанды айттыра келген шығар, қазанға бұзау сал, – дейді Итбай әйелі Ақсұлуға.

Итбайды мінездеуде көрнекті рөл атқарып тұрған осы бір деталь оның жомарттығын аңғартпайды. Әйтеуір қонақтардың көңілін тауып, олардан құдалық туралы жылы сөз естіп қалуға асығады ол.

„Егер Ғайшажанды айттыра келген болса, ең құлындағы бие сұрасам ба екен,

болмаса тағы мың теңге ақша сұра-сам ба екен. Қой, ақшадан да он құлын-дағы бие дұрыс болар, бес-алты жылда, құдай бұйырса, жүзге тарта жылқы болмай ма? Жаугы қызғылтың еді қан-дай, үй сыртында ұзын желіні құрып, құлындарды шұңғыртып байлап жат-қан қандай?... Құдай тілекті берсе, мұ-ратқа жетем!"

Малдан басқа көрері де, арманы да жоқ сасық байлыққа құмар Итбай қы-зын сатып баюды ойламай қалмайды. „Іс қалқам ер жетіп, бай жерге беріп, көп мал алсам" деген оның өмір бойы тілегі еді. Сондықтан Тұрлығұлға Ғайша-ны беруге тез келіседі.

„Ғайшажанға сенің жаның ашығанда, менің жаным ашымай ма? Бәрін өзіңмен білетін ерің емес пе? Арманың не? „Ғайшажанды жылатып қойған сен итсің ғой! Енді ғарі жы-лағанын маған естіртпе!

„Сен Ғайшажанды малға берді деп жа-ратпаған болып жүрсің-ау! Ит болма-сақ, құдай соншама мал, сондай дүние берген кісіні адам көрмейме екен! Енді дү-ниеге бәрі құлап ете түсетін Ғайшам бақытты емес пе? Тұрлығұлдың ел десең, елі бар, мал десең, малы, бақ десең, бағы бар. Сол ел, бақ, мал Ғайшанікі емес пе?"

Бұл – Итбайдың әйеліне ренжіп айтатын сөздері. Бұдан оның ой-пікірі анық көрінеді.

Итбай бейнесін жасауда жазушы юморды шебер пайдаланады. Ол Итбайдың тері мінез, оғаш қылықтарын үнемі келекелеп, сынап отырады.

Жазушының суреттеуінде, Итбай тек малқұмар, дүниеқоңыз адам ғана емес, даңққұмар, даңғой, мақтаншақ адам. Онда өз шаруасына нысаптық, ұқыптылық, тақаппаршылық, мен-мендік мінез бар. Бай қылған күнде Итбай сараңдығымен ғана емес, жалпы адамгершілігінің төмендігімен аты шыққан қатігез қазақ байларының қай-қайсының болса да кем туа қоймас еді. Оның ойлауынша, байлық болса, қалған дүние өзі құрала береді. Даңқ, атақ, абырой, бедел, тағы басқалары Итбай үшін - байлық төңірегіндегі қосалқы дүниелер.

Тұрлығұл үйіне барып келгеннен кейінгі Итбай әңгімесі үнемі сол үйдің байлығы, құрметі жайында болады. Жолымбай қалтасына қолын салып, бай берген ақшаны қайта-қайта санайды. Жазушыны сауатын білерін сынайды. „Сен ит қылуды әркімге бір қуйын, шалпуштын, астың бөлекесін

алатынсың. Енді қалыпты бәйбішенің салтымен бұдан былай асты берекелендіріп ұста", - деп жіемін ұрсып қояды. Бұрын мал мен ақша көрмеген адамның байлыққа мас болуын жазушы осы эпизодтарда реалистікпен суреттеген.

Ғайшаны ұзатарда Итбай тасадау үшін қалаға барады. Көп дүкеннің ортасында тұрып:

- Екі жүз елу сомның саудасын істеймін, қайсың маталарыңды арзан бересіңдер, - деп айғай салады. Саудаға жасап болған соң дүкеншіге:

- Енді, бай, шыныңды айтшы. Бүгін ес білемі мендей тұтас екі жүз елу сомның саудасын істеген кісі бар ма? - деп сұрайды. Бұл айтылғандар Итбайдың шебер жасалған реалистік бейне екенін көрсетеді.

Романдағы ұнамсыз кейіпкердің бірі - Тұрлығұл. Жазушының суреттеуінде ол - „ұзын бойлы, мас қарын, тұқсиған қалың қабақты, көп сөйлемейтін, талпақ мұрын, қарап келген адам қаймыққандай, елге зәбірлі, көршілеріне мазақ, қатал мінезді адам". Сыртқы бейнесі осындай Тұрлығұлдың іші де - толған арамдықпен надандық. Ол - „шынжыр балақ, шұбар төс" атанған екі ауылдың байы.

Тұрмағұл жалпы адамшылық қасиет-терімен, жақсы қылықтарымен емес, елді өзінің байлығымен сатып алғысы келеді. Байлық - ол үшін жақсы, беделді болудың кепілі. Тұрмағұл өзінен гөрі малына көбірек сенеді. „Маған бермесеңмен де, малға береді ғой" дейді ол Ғайша жайын алғаш сөз еткенде.

Өстеуші малға ғана сүйенген, одан басқа сенері де, сезері де жоқ, сасық бай Тұрмағұл - сезімсіз, тепе, қара жүрек адам. Жасының жетпістен асып кеткеніне қарамастан, ол малға сатып жас қыз алады. Ғайшаның жасына, ойына қарамайды.

„Мұның өз күнін өзіне көп қылмайын - деп ойлайды Ғайшаның көнбейтінін білген бай, - Әлде болса бір жеті, он күн байқап, егер бұл қылығын қоймаса, сол малдың орнында тағы бір қатын алайын. Сөйтіп мұны күң есебінде жұмсаймын".

Бұл үзінді көп қатын алуды жақтайтын надан байдың түсінік-түсінігін айқын көрсетеді. Тұрмағұлдар өз кезінде мұндай құқын шексіз пайдаланды. Олар, біріншіден, патриархалды - феодалдық қоғамның салт-санасы мен әдет-ғұрпына, екіншіден, пат-

арналған оқу кітабы еді. Ұлы ұстазы Ыбырай үлгісін пайдалана отырып ол бұл кітапқа өзі аударған Крылов мысалдарын, орыс классиктерінің балаларға арналған шығармаларын, қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерін, табиғаттың түрлі құбылыстарымен таныстыратын, өсімдік, жануарлар әлемі туралы білім беретін әр алуан қазақтың қысқа әңгімелерін кіргізеді. С. Көбеевтің қазақ әдебиеті тарихындағы үлкен орны оның революциядан бұрынғы әдебиетте прозаның тууына, ондағы роман жанрының қалыптасуына сіңірген еңбегімен байланысты. 1913 жылы Қазанда басылған жазушының „Қалың мал" романы қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш көлемді прозалық туынды болып саналады. Романда қалың мал әлегі, қазақ қызының аянышты да арманды тағдыры нанымды бейнеленумен қатар дала тіршілігіндегі әлеуметтік теңсіздіктің, жемқорлықтың сан алуан көрінісі батыл әшкереленген. Ел билеуші жуандар мен үстем тап өкілдеріне қарсылық білдірген кедей бұқарасының әрекеті шыншылдықпен суреттелген. „Қалың мал" романы - тілінің тазалығы, көркемдік жағынан да өзімен тұтас прозалық туындылардан өзгеше шығарма. Жазушы романында халықтық сөз байлығын, мақал-

ша үкіметі мен оның чиновниктеріне сүйенді. Бұл екі заң да Тұрлығұлдар құқығын шексіз кеңейтті.

Жазушы Тұрлығұл бейнесі арқылы сол кездегі қазақ байларына тән типтік характер жасалайды. Автордың айтуынша, оның прототипі Кішіқұмдағы Нұрмай бай. „Тіпті Тұрлығұлдың түрі-түсі, жалпы сыртқы пішіні, мінез-құлқы Кішіқұмдағы Нұрмай байдың айнымаған бейнесі деуге болады. Тұрлығұлды көр де – Нұрмайды көр. Алайда, романдағы кейіпкерлер тек бір адамның ғана бейнесі емес, сол уақыттағы өмір шындығының тән кейіпкер жиынтығы деп білуіміз керек"– дейді С. Көбеев.

Романда суреттелетін Байғазы, Құрымбай деген байлар да Тұрлығұлмен тамырласып, байлығын жинаған ескі ауылдың өкілдері. Жазушы олар жайлы „Бетіне жан келмейтін байлар" Айтқаны кетіп, атқаны тимеген жер жоқ. Екеуі де өлгенше парақорлар, жемқорлар, кісі етінен басқаны аранынан қайтпайтындар", – дейді.

Романның құрылысы мен көркемдік ерекшеліктері

„Қалың малдың" әлеумет сипаты мен тарихи мазмұны – оның қазақ әдебиетіндегі алғашқы романдардың бірі болуында және ерік шақ көркемдік үлгіде жазылуында

„Бұл романды жазу маған оңай тиген жоқ, - дейді С. Жұбеев естелігінде. - Мұның әр түрлі себептері де бар еді. Біріншіден, роман жазылған кезде басқа түзік көрген қазақтың жазба түріндегі көркем әдебиет шығармалары тіпті аз еді және олардың идеялық бағыттарын былай қойып, түрлерін алсақ, ауыз әдебиеті әсерінің шеңберінен асып шыға алмаған дәрежеде еді. Біздің солтүстік аймақта маған тіл үйреніп, үлгі-өнеге алар жалғыз-ақ қазақтың ауыз әдебиеті және Ыбырайдың өлеңдері мен балаларға арнап оқу құралына лайықтап жазған новеллары ғана еді (Абайдың жинағы қолыма кейінірек түсті). Сондықтан да романның тіліне, стиліне ауыз әдебиетінің әсері тигендік барлығы қазіргі оқушыға айқын байқалып отыратын болу керек.

Екіншіден, романның сюжеті, оның құрылысы (композициясы), кейіп-кескіндері жайында кеңесетін, пікір алысатын да адам жоқ еді. Мұны түсініп біреп-саран адам болса, оның да „қазақ екен" деуінен басқа айтары жоқ болатын. Маған тек орыс тіліндегі романдарды оқып, соларды үлгі ете

отырып, жазуға тура келді!"

Қазақтың ұлттық әдебиеті дәстүрінің әсері романдағы кейіпкерлердің мінездемесінен анық байқалады. Әсіресе, Ғайша мен Қожаш бейнелерін жасауда жазушы ауыз әдебиетінің ұнамды кейіпкерлерді әрі сұлу, әрі жақсы, әрі білімді — „сегіз қырлы, бір сырлы" етіп суреттеу әдісін пайдаланады. Сол айтыс үстінде табылады. Итбай бейнесінде „Қыз Жібек - Баян сұлу" жырындағы Қарабайдың көп белгісі бар. Романның композициялық құрылымына да ауыз әдебиетіне тән жинақылықтың әсері тиген. Ғайшаның мұңын жесіне өлеңмен айтуы, Сырғазы үйіндегі той суреті, Ғайша мен Қожаштың кезекпен ән айтуы ұлттық әдебиет ақпалынан туған. Сонымен бірге жасынан Пушкин, Гоголь, Чехов шығармаларын оқып, оны қазақшалап ел ішіне таратқан жазушыға бұл қаламгерлердің жазу тәсілі, гуманистік идеясы әсер етпей қойған жоқ. Ол кейіпкерлеріне ат таңдауда (Итбай - Собакевич), олардың іс-әрекетін ашшылдық тұрғыдан суреттеуде Гоголь тәжірибесіне жүгінген сияқты. Гогольдің сараң, өзімшіл кейіпкерлерінің сипаттарын „Қалың малдан"

да тануға болады.

Романның құрылысында үлкен прозаға тән оқиғалардың үзілмей жалғасып отыруы, олардың өрістеуі мен шешімі дұрыс өрісін тапқан. Ондағы тартыс та заман шындығына лайық ойластырылған және шығарма бітімінде жарасымды тұтастық бар.

Бір қарағанда, бүгінгі ірі-ірі романдары бар реалистік әдебиет үшін „Қалың мал" елеулі құбылыс көрінбеуі мүмкін. Бірақ туған кезімен, ол кездегі әдебиет дамуы тұрғысынан қарағанда оның маңызы үлкен. Автор шығарманы оқиға мен тартысқа құра отырып, дәуір сырын, оның адамдарын тәп-тәуір суреттейді. Оқиғаның өрбуі, адамдар кейпінің дамуы да орынды беріледі. Онда тамаша сюжет, қиюласқан композиция бар.

Тіл ерекшелігі жағынан да „Қалың мал" өз дәуіріндегі әдебиетте көрнекті орын алады. Роман тілі бірыңғай тартымды. Жазушы өзінің кейбір замандастары сияқты тіл шұбарлауға бармай, таза ұлттық тілдің қарапайымын ұтымды пайдаланады. Кейіпкерлердің де өзіндік тілі бар. Тұрмағұл, Байғазы, Құдайбайлар тілінде заманның белгілі адамдарына лайық, өктемдік, қулық-

сұмдық танылса, Итбайдың ұсақ мінезі, даңғойлығы, байлыққа құмарлығы да тілдік мінездеулерден байқалады. Қазақтың әдет-салты, ғұрып суреттері де жарқын. Жазушы кейіпкерін сөйлете білумен шектелмейді. Онда табиғатты, адам сезімін суреттейтін көріністер де біркелкі әдемі берілген.

„Ауылдан бір шақырымдай жердегі көлде қаз қаңқылдап, шағала шаңқылдап, үйрек шырылдап ұшып жатыр. Аққудың да сыңқылдаған даусы естіледі. Көл бойындағы бұталарды паналап, сайраған сандуғаштардың даусы қайғылы көңілді жұбатқандай. Ертемен шырлаған бозторғайдың даусы ұйқылы-ояу үйде жатқан шаруаны тербетіп оятқандай"- деген шағын суреттің өзінде даланың көңілді шағы, оның адам сезіміне әсері нанымды берілген.

Бұл айтылғандар „Қалың мал"-қазақтың демократтық-ағартушылық әдебиетінің реалистік дәстүрін әрі қарай жалғастырған және жаңа жанрмен байытқан туынды болғанын дәлелдейді. Романның тарихи маңызын М. Әуезов былай деп көрсеткен еді:

„XX ғасырдың бас кезінде Қазақстанда көркем проза туа бастайды. Оның алғашқы бастамасы Көбеевтің „Қалың мал" ро-

маны болды. Көркемдік түрі жағынан көптеген жетіспеушіліктері бола тұрса да, бұл роман идеялық-прогрессивтік бағыты жағынан сыншыл реализм элементтерін бойына жинақтай білген шығарма болды. Рулық, феодалдық құрылысты, әйелдерді қанауды, қазақ аулындағы әлеуметтік теңсіздікті – байлар үстемдігі мен атқа мінерлерді айыптаушылық бұл шығармаға ерекше мән береді және оны өз заманының елеулі құбылыстарының қатарына қояды. Романда екі ұрпақ – әке мен бала біріне-бірі қарсы қойылған. Жастар жаңалыққа ұмтылады, революциялық дауылдың таяп келе жатқанын сезеді. Ескішілдікке қозғау түсіп, патриархалдық ауылдың атам заманғы әдет-ғұрып заңдарына қарсы әлеуметтік күрес жүре бастайды бұл романда жігіттер мен қыздар бейнелері арқылы берілген. Олар – кедейлердің өкілі, өздерінің экономикалық және жеке бастарының бостандығы үшін күреседі. Романда суреттелетін осы кейіпкерлер, олардың көңіл-күйлері, сөзсіз, 1905 жылғы орыс төңкерісінің сәулесі еді, орыс әдебиетінде көрінген алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікір ұлт аймақтарындағы жастардың санасын оятты".

## III тарау. Мектепте С. Көбеевтің шығармашылығын оқыту

### III.1 Мектепте С. Көбеевтің шығармашылығын оқыту

Мектепте кең көлемде өтілетін қаламгеріміз С. Көбеевтің өмірімен шығармашылық өсу жолы жайлы орта білім беретін орта мектептің оқу бағдарламасына сәйкес әдебиеттік оқу, тарихи-әдебиеттік курс бөлімдерінде оқытылады.

Мұндағы мақсат - педагог-жазушының туындыларындағы идеялық-көркемдік ерекшеліктерді таныту, шығарманың жанры мен стилін, идеясы мен тақырыбын, характер сомдауын, сюжет таңдауы мен композиция құруын, тіл көркемдігін анықтау. Бағдарлама талабына орай, 11-сыныпта жазушының „Қалың мал" романынан үзінді берілген.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда жазушының шығармаларына 4 сағат бөлінген.

Бұл сыныпта оқу бағдарламасына сәйкес жазушының өмірі мен шығармашылық жолына, прозасының тақырыптық аукымы, көркемдік ізденістеріне тоқталған жөн. Романда бейнеленген жастардың бас бостандығы жолындағы

шеккен ауыр азабы, күресі, қайғылы тағдыры талданады. Романдағы Қожаш пен Ғайша бейнелері арқылы сол кездегі әлеуметтік теңсіздіктің озбырлығы оқушы санасына сіңіріледі. Романның көркемдік, композициялық ерекшеліктеріне, кейіпкерлерді даралау, психологиялық суреттеу шеберлігіне, тіл көркемдігіне көз тасталады.

Сабақта көрнекті педагог, қоғам қайраткері, дәуір перзенті атанған атақты жазушымыз Спандияр Көбеевтің өмірбаяны жайлы мәлімет берілуі керек. Сабақта жазушының өмірі мен шығармашылығына байланысты қосымша материалдарды пайдалана отырып, оқушылар бойында қаламгердің рухани-әдеби мұрасына құрмет сезімін, қызығушылық ынтасын ояту, тақырыпқа орай жан-жақты терең білім беру, суреткердің өмір жолын, жазушының өнер жолын өнеге ету нысанына алынады.

Бұл тақырыпта өткізілетін сабаққа ұстаз мынадай көрнекіліктер әзірлеуі мүмкін:

- жазушының портреті,
- Қазақстанның географиялық картасы;
- Қазақ энциклопедиясы;

- жазушының „Қалың мал", „Үлгілі бала", „Үлгілі тәржіма" шығармалары.
- С. Көбеев мұражай-үйінің сурет-альбомы;
- жазушының мерейтойларына арналған ойлықты сөздер жазылған плакат;
- „Спандияр - қазақтың көрнекті педагогі" атты мұғалімнің өзі қолдан жасаған плакат;
- қазақ педагогикасы антологиясы, жазушының әр кезде түскен суреттері, оның шығармашылығы жайлы әдеби-танымдық еңбектер.

Сұрақ-жауап түрінде оқушылардың төменгі сыныптарда С. Көбеевтің шығармашылығы бойынша оқыған материалдары еске түсіріледі.

Ол туған халқымыздың жаңа сапаттағы әдебиетінің іргетасын қалаушы, көрнекті педагог-жазушылардың бірі — Спандияр Көбеев. Ол әдебиетіміз бен ұлттық педагогикамыздың негізін салу ісінің ыстығына күйіп, суығына тоңған, алған бетінен таймаған қаламы жүйрік жазушы. Шындығында ол қаламдас достарымен бірге талай ұрпақтың парасатын ғасырдан астам уақыт бойы көркемсөздің қуатты құдіретімен тәрбиелеп келген суреткер ұстаз да

Осындай кіріспеден соң, ұстаз картаны, жазушы шығармашылығы жайлы әдеби картаны пайдалана отырып, туып-өскен жері, ортасы, тәрбие алған, білім алған кезеңдеріне тоқталады.

Жазушының өмірі оқулықта келтірілген мәліметке қосымша мұғалім „Орындалған арман" кітабындағы балалық шағы туралы материалды пайдаланса, бұл материалдар оқушы назарын бірден аударады (осы арада ұстаз оқулықтағы материалдарға тоқталмай, тек қосымша материалдар бойынша деректерді танытуды көздейді).

1. „Қалың мал" романын талдауға арналған кіріспе сабақ.

Бұл сабақта:

- жазушы, оның педагогикалық қызметі туралы, „Қалың мал" романының жазылу тарихы, тақырыптық-көркемдік қасиеті жайында қысқаша экскурс-мәлімет;
- тарихи шындық және көркемдік шешім;
- романның өзіндік ерекшеліктері, негізгі идеялық мақсаттар;
- шығарманы оқыт-үйренуде оқу-

мәтелдерді орынды пайдаланған, кейіпкердің мінезін дамытып көрсеткен. Өз дәуірінің педагогикасының тумысы бола білген және ұлттық әдебиетте тұңғыш роман жазған Спандияр Көбеевтің есімі XX ғасыр басындағы қазақ мәдениетінің тарихынан құрметті орын алады.

Тақырыптың мақсаты. Спандияр Көбеевтің өмірі, педагогикалық қызметі туралы түсінік беру, ағартушылық орнын ұғындыру. Шығармашылығы арқылы оқушыларды Отанды сүю, бір-бірін ізет-құрмет жасауға баулу. Жазушының азаматтық көзқарасын, дүниетанымын қалыптастыру.

Тақырыптың міндеті. Педагог-жазушының шығармашылығы арқылы тәрбие, білімге, ізденімпаздыққа, тапқырлыққа, зерттеушілікке ықпал жасау, бағыттау. Спандияр Көбеев шығармашылығын оқи отырып, халықтық педагогика үлгісінде тәрбиелеу

Тақырыптың нысаны. Спандияр Көбеевтің әңгімелері мен „Қалың мал" романы педагогикалық көзқарасының негізі болып табылады.

Тақырыптың жаңалығы. Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы ғылыми тұрғыдан зерттеліп, қажетті

шылардың білім, білік, дағдыларының тұтастығын, жүйелілігін қамтамасыз ету жолдары қарастырылады;

2. „Қалың мал" романындағы Ғайша бейнесін өзге кейіпкерлермен өзара байланыста оқыт-үйрену.

Мұнда „кейіпкер", „образдылық" деген секілді әдеби-теориялық ұғымдарды дамыта отырып, Ғайша, оның характеріндегі адамгершілік қасиеттер, бас кейіпкерлер бейнесін суреттеуде жазушы қолданған көркемдік тәсілдер, әдеби кейіпкердің тарихи шындыққа қатысы шығармадағы басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы ашылады.

3 Шығарманың көркемдік ерекшеліктері

Мұнда жазушының образ жасау шеберлігі, романның тілі, көркемдік элементтерді пайдалануы, композициялық-сюжеттік құрылымдағы стильдік ерекшеліктер сөз етіледі.

Аталған әрбір талдау сабағы бір-бірімен тығыз логикалық байланыста жүргізілді.

Біз бұл біліктілік бітіру жұмысында жалпы білім беретін мектепте Спандияр Көбеевтің „Қалың мал" романын монографиялы түрде талдаудың үлгі-жүйесін ұсынып отыруымыздың

мынадай себептері бар:

біріншіден, аталған шығарма қазақ әдебиетінің тарихи – әдебиеттік құрылы бойынша 9-сыныпта эпикалық көлемде кеңінен талданатын шығармалардың негізгілерінің бірі саналады;

екіншіден, халықтың тарихи өмірін реалистік тұрғыда көркем бейнеленген шығарманың өміршеңдігін, құндылығын ашу үшін ұстазға мол идеялық мүмкіндік беретін туынды;

үшіншіден, ұстаз шығармада кескінделген өмір құбылыстарын көрсете отырып, оқушылардағы рухани сезімділікке тәрбиелеуді көздейді. Сол арқылы шығарманың идеялық-көркемдік, тәрбиелік мақсаттары ашылады;

төртіншіден, шығарманың құрылымы, тақырып аукымы, айтар идеясы талдау үстінде игерілетін әдеби-теориялық сауаттылықты, білік-дағдыны талап етеді;

бесіншіден, мұғалім аталған туындыны талдау үстінде қазақ халқының ағартушылықтағы даму ерекшеліктері, жалпыадамзаттық мәні бар шығарма екендігіне назар аударады;

алтыншыдан, аталған шығарманың өзіндік ерекшеліктерін таныстыру ба-

рысында ұстаз әр алуан көрнекіліктерді, техникалық оқу құралдарын, дидактикалық материалдарды ұтымды пайдалануға, осы шығармаға байланысты сыныптан тыс жұмыстарды түрлендіре ұйымдастыруға дағдыланады.

Ғайша бейнесін өзге кейіпкерлермен өзара байланыста оқып-үйрену

Ұстаз мектеп қабырғасында көркем шығарманы оқып-үйрену үстінде кейіпкерлерді әртүрлі жағдайларға байланысты өзге бейнелермен тығыз бірлікте, қат-қабат қатынаста қарастырды, өмірлік мәні бар құбылыстармен салыстыра оқытуы, оған шәкірттің баға беруіне көңіл аударуы қажет. Әдетте, оқушы көркем шығарманы оқып отырғанда, ондағы көркем ойды шындық ретінде ғана қабылдап, ондағы образдылық, типтілік, мазмұн мен пішіннің бірлігі, т.б. әдеби-теориялық мәселелерге назар аудара бермеуі мүмкін. Сондықтан мұғалім әдебиеттің тарихи курсынан білім бере отырып, оқушының негізгі мақсаттардың бірі — әдеби-теориялық сауаттылыққа дағдыландыруы керек. Бұл көркем туындыны дәйекті түрде талдауға үйретеді. Сөйтіп, шәкірт типтік жағдайларға қалыптасатын типтік

бейнелер тайлы мағлұмат алады. Мұны оқушы тете ұғынбайынша, жазушы қолданатын көркемдік тәсілдері туралы сауатты әдебиеттанымдық талдау жүргізу мүмкін емес.

Жазушы кейіпкерлер характерін типтендіруде пайдаланатын көркемдік тәсілдер – образ композициясы (заттардың суреттелуі, портрет, пейзаж, монолог, диалог, авторлық пікір, кенеттік жағдайлар); тілдік тәсілдер (эпитет, теңеу, сөздік интонациялар, идиомдық тіркестер), кейіпкерлер мінезі мен кейіпкерлер әлемін бір жүйеде талдау әдістемесі әлі де назардан тыс қалып келеді. Сондықтан да мұғалім сабақ барысында бұл мәселені өзіне нысаналы мақсат етіп қойғаны абзал.

Шығармадағы кейіпкерлер жүйесін талдау сабақтарын дәріс-әңгіме түрінде жүргізген ұтымды.

Ғайшаның сыр-сипатын ашуға арналған бұл сабақтағы негізгі ой өзегі – бас кейіпкер бейнесінің өсу жолын, қалыптасып жетілуін қоғам дамуымен байланыстыра түсіндіру болады.

Бейнелілік – көркем әдебиетке тән негізгі ерекшелік. Мұнда, негізінен, адам өмірі суреттеледі. Ол адамдардың өзара

қатынасы, қоғамға, қоршаған ортаға көзқарасы арқылы көрсетіледі. Демек, әдеби бейне - адам өмірін қоршаған ортамен байланыста суреттеудің көркемдік құралы; белгілі бір ойды, идеяны білдірудің жолы.

Сонда әдеби кейіпкер дегеніміз - өмірлік деректердің негізінде көркемдік бояумен белгілі бір идеяны меңзейтін адам өмірінің нақтылы, жинақталған бейнесі болып шығады. Кейіпкер әдебиеттану ғылымында өзінің шығармадағы орны мен қызметіне қарай кейіпкер (образ, персонаж), бас кейіпкер, қосалқы кейіпкер сияқты терминдермен аталады. Көркем шығармадағы бейнелі суретке қатынасатын адамдардың бәрі де кейіпкер болады. Егер кейіпкер шығарма оқиғаларының нақ ортасында тұрып, сюжеттік оқиғалар желісін дамытатын болса, ондағы шиеленіскен түйіннің шешілуінде жетекші қызмет атқарып, автордың айтар идеясын аңғартса, онда ол бас кейіпкер болып саналады. Ал автордың айтар ойының ашыла түсуіне, оны толықтыруға көмек ететін кейіпкерлер қосалқы кейіпкерлер деп аталады.

Образ жасауда жазушы даралау мен жинақтаудың әр алуан көркемдік

көркемдік тәсілдерін молынан қолдану-ды. Мұндай жинақты бейнелер арқы-лы суреткер өмірлік шындықтың мән-ді мәселелерін қамтып, ондағы сан қилы құбылыстар мен жағдайларға өзінің әділ төрелігін айтады. Кейіпкер туралы қысқаша мәліметтен соң мұға-лім сыныптағы оқушылар назарын бас кейіпкерге аударып, бір-екі оқушы-мен Ғайша бейнесі жайлы әңгіме жүр-гізеді.

Мұғалім: - Шығармада Ғайша тағды-ры (бейнесі) қалай суреттелген?

Оқушы: - Ғайша - романның басынан аяғына дейін суреттеліп отырған не-гізгі бейне, шығарманың бас кейіпке-рі. Онымен жазушы бізді, романның бастапқы оқиғаларымен таныстырады.

Мұғалім: - Дұрыс айттың. Ғайшаның теңсіздікке қарсы қасиеттерін шығар-маның қай жерлерінен байқаймыз? Романнан нақтылы бір көріністі мы-салға кім келтіреді?

Оқушы: - Жазушы шығармада Ғайша-ның мейірімділігін, адалдығын, кіші-пейілділігін, тағы басқа адамгершілік сипаттарын әр қырынан түрлі жағдайда көрсетеді.

Мұғалім: - Автор шығармада Ғайша

бейнесін суреттеуде қандай көркемдік құралдарды пайдаланған?

Оқушы: - Жазушы Ғайша бейнесін тасауда әртүрлі көркемдік тәсілдерді қолданған. Солардың бірі - кейіпкер портретін суреттеу. Автор оқушысын Ғайшамен таныстыру үстінде оның сыртқы келбетін көрсету арқылы ішкі жан дүниесін, талғам-түсінігін, ой-өрісін аңғартып өтеді. Мысалы: „Ғайшаның бойы жас мөлдірінен сұңғақтау екен. Кескіні-қара торы. Қара көз. Мойны ұзын. Денесінің балалық бейнелері әлі өрінде. Шашын әзілмен өрген...” Бұл - оқушысына тақсы әсер қалдырарлық бейнелеу.

Аса көрнекті әдіскер-ғалым М.А. Рыбникова эпикалық шығармалардағы оқиғалар өрісі, оның даму жайы, автордың не болмаса басқа кейіпкерлердің ой-арманы, ішкі толғаныстары - бәрі-бәрі бас кейіпкердің айналасында баяндалатынын орынды ескертеді.[1] Сондықтан мұғалім Ғайша бейнесін бар болмысымен, тұтас бітімімен анық байқату үшін, оның жан дүниесін сезіне түсіндіру үшін жазушы кескіндеуін кескін-келбетінен (портретінен), басқа кейіпкерлермен байланысына, жүріс-тұрыс,

1. Рыбникова М.А. Очерки по методике литературного чтения. М.: „Учпедгиз”, 1963г. С.139-140.

қимыл-әрекетіне, сөз тәріміне, тіпті табиғат көріністерінің қатынасына назар аударуы қажет.

Осылайша біз кейіпкер Ғайша бейнесін қиыстырған сабақта жоғарыдағы аталған мәселелер қамтылады. Бүгін оқушы өз бетімен ой қорытып, басқа да кейіпкерлерді талдауға мүмкіндік алады. Сосын оқушыларға характер сырын, образ табиғатын дұрыс ашуға, шығарманың көркемдік құрылымын таны меңгеруге байланысты тапсырма-сұрақтар ұсынылады:

1 Шығарма „Қалың мал" деп аталу себебін қалай түсінесіңдер?

2. Ғайша характерін таныта түсетін оқиғаларды мысалға келтіріңдер?

3. Қожаш пен Ғайша арасындағы шынайы сүйіспеншілік қалай суреттелген?

4. Жазушы Ғайшаның ішкі жан дүниесінің өзгерістері мен табиғат құбылыстарын қалай байланыстырады?

Ұсынылған тапсырмалар шығарманың тақырыптық-идеялық мәнін, сюжеттік-композициялық құрылымын, кейіпкер жүйесінің қалыптасу ерекшеліктерін ашуға көмек етеді. Ұстаз осы сұрақ-тапсырмалар бойынша

оқушылардың шығарма жайлы, ондағы басты кейіпкер туралы алған мағлұматын, білім дәрежесін байқайды.

Мұны біз оқыту тәжірибесі кезінде Ғайша бейнесі бойынша шығарма жаздыру арқылы тексеріп көрдік. Ол үшін оқушылардың бәрі де бірдей толық үлгідегі шығарма жазуға үйренілді. Мұндағы олар әрқашан көркем шығармамен тығыз байланыста болуға, оның, яғни көркем мәтіннің мазмұнын терең білуге дағдыланады.

Ұстаз оқушыларға көркем шығармаларын таныстыру барысында оны мақсатты түрде оқу, түсіндірмелі түрде оқу, қайталап оқып-талдау, таңдаулы үзінді оқу, оны таңдай және талдай білу, жазушы шеберлігін алуан қырынан салыстырмалы түрде қарастыру, иллюстрация бойынша жұмыс, баяндама, хабарлама жасау, өз қолымен рецензия, реферат жаздыру, сонымен сабақты оқушылардың ұжымдық талдауға жетелейтіндей әртүрлі арнаулы дәріс түріндегі сабақ, семинар-сабақ, конференция-сабақ, пікірталас-сабақ секілді алуан түрлі оқыту түрлерін тұрақты түрде жүргізуді ескерсе, пайдалы нәтиже беретінін оқыту тәжірибесі нәтижелері дәлелдейді.

# Қорытынды

Бүгінгі күн талабы, елімізде кең қанат жайған әлеуметтік-саяси жаңғырулары әдебиет-ұстаздың сабақ сапасы мен тиімділігін арттырып, оқушылардың әдебиеттанушылық білім, білік, дағдыларын, жан-жақты жарасымды дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеуді талап етеді. Ал әдеби білім көркем шығарманы оқу, талдау арқылы шәкірттер туындының бүкіл тынысын сезіне білуге, өнердегі бір көркемдік нәрді терең танып қабылдауына, оқырман ретінде қалыптасуына қызмет етеді.

Көркем шығарма ұғымы педагог-жазушының әдебиеттің қыр-сырын ұғыну барысында оқушы оқу бағдарламасының талаптарына сай қазақ және туысқан халықтар, әлем әдебиетінің кейбір үлгілерімен танысады. Өзіндік ой тұжырымдары, дұрыс пайымдаулары, тың қорытындылар жасауға ұмтылады. Алай мұндай жұмыс оңайшылықпен іске асатыны белгілі, оқушылардың негізгі білім алу көзі оқулық болғандықтан, әдебиет пәнінің оқу бағдарламасы бойынша берілген ақын-жазушылардың еңбектеріне үнемі назар аудару керек. Президентіміз Ислам Абдуғаниұлы Каримов: „Біз елі-

мәліметтер түзілді.

- Жазушы-педагогтің мұғалімдік қызметіне сипаттама берілді.
- Ұстаздық тәрбиесі мен білім беру жүйесі қарастырылды.
- педагогикалық көзқарастарынан ізденімпаздыққа және жаңашылдыққа жетелейтіндігі анықталды.
- педагог-жазушының педагогикалық қызметіне қатысты материалдардан тиімді пайдаланылды.

Тақырыптың дерекқөздері. Зерттеу жұмысының материалдары ретінде қазақтың халық педагогикасы, сондағы С.Көбеев туралы мәліметтер, зерттеушілердің қомақты ізденістері негіз болды.

Тақырыптың құрылымы. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және әдебиеттер тізімінен тұрады.

лигга қандай вазифа қўймайлик, қандай муаммони ечиш зарурати туғилмасин, гап охир-оқибат яна кадрларга бориб тақалаверади. Муболағасиз айтиш мумкинки, бизнинг келажагимиз, мамлакатимизнинг келажаги ўрнимизга ким келишига ёки бошқача айтганда, қандай кадрлар тайёрлашимизга боғлиқ»[1] деган еді.

Қазіргі заман талаптарына сәйкес әдеби білім мазмұны оқушының жас ерекшеліктеріне лайықты құрылуының маңызы зор. Мәселен, орыс әдебиетін оқыту әдістемесінде М.А. Рыбникова, Н.И. Кудряшев, В.Г. Маранцман, Г.И. Беленький, Т.А. Абрамова т.б. еңбектерінде көркем туындыны талдаудың жолдары бойынша құнды пікірлер айтылып, нақты мысалдар келтірілген. С. Көбеевтің өмірі мен шығармашылығын оқытуда Ә. Қоңыратбаев, А. Көшімбаев, Т. Ақшолақов, Қ. Тасболатов, Ә. Дайырова, С. Тілешова, Б. Әрінова т.б. зерттеуші ғалымдар еңбектерінде, сондай-ақ озат-ұстаздар - Қ. Битибаева, С. Дүйсебаев, т.б. әдістемелерінде кейбір ақын-жазушылардың туындыларын ала отырып көркем шығармаларын талдау берілген.

Жалпы, С. Көбеевтің шығармашылығын

---

1 Каримов И.А. Ўзбекистон XXI асрга интилмоқда. –Т.: „Ўзбекистон", 1997. -18 б.

талдау нәтижесінде оқушы мен мұғалім-нің бірлескен әрекеті және қолданған әдіс-тәсілдеріне байланысты болмақ. Оқушының көркем шығармаға қызығушылығы, белсенді-лігі әдеби туындыны талдау барысында қалыптасады. Оқыту процесін көңілді техно-логиялық әрекетке айналдыру бүгінгі заман сұранысы екені белгілі. Бұдан көркем туын-дыларды оқытудың сапасын арттырудың жаңа әдістемелік түйсік өрісінің және шетелдік әдіскер-ғалымдардың еңбекте-рінде айқындалған.

Кез-келген ақын не жазушы шығармасын жа-зып, оны жұртқа ұсынғанда белгілі бір мақсат-ты көздейтіні анық. Ол мақсат-шығарма-ның идеялық мазмұнында жинақталады. Сол мақсатты оқырманға не оқушыға дәл жет-кізу үшін оның көтерген тақырыбын ашып, идеялық мәнін ашып алуымыз керек. Орта мектепте көркем шығармаларды оқып-үйре-ну жүйесі сыныбы жоғарылаған сайын заңды түрде бірте-бірте күрделене түсетіні анық. Нәтижеде оқушыларда қазақ әдебиеті сабағы барысында төмен-дегідей білім, білік, дағдылар қалыптаса-тыны айқындалды:

- педагог-жазушының азаматтық тұл-ғасының қалыптасуына мән берділік;
- көркем шығармаларының идеялық бағытын

айқындап, сипаттама береді;

- көркем шығарма мазмұнын шығармашылықпен байыптау, эстеттік кезеңдерін талдау;

- Оқылған көркем шығармаға қойылған шығармаларға жауап табу;

- алған білім, білік, дағдылардың негізінде өз ойларын, толғаныс-толғамдарын күнделікті өмірмен байланыстыру.

Қорыта айтқанда, педагог-жазушы С. Көбеевтің шығармашылығы арқылы қазақ әдебиеті пәнін оқыту жүйесін жетілдіруде көптеген жұмыстар тыңнан қарастырылды. Бұл бітіру жұмысы ізденушілері мен студенттер тұтынушыларының, оқырманның кәдесіне жарайды деп ойлаймыз. Өйткені, көркем шығарманы орта мектеп қабырғасында оқыту жүйесін, осы еңбекте көрсетілген деп, яғни сабақтың танымдық тәрбиелік, дамытушылық мәнін жүзеге асырады.

Ал Спандияр Көбеевтің шығармалары арқылы оқушылар тәлім-тәрбие алуға, адамгершілікке, отансүйгіштікке, зиялылыққа адам құқықтарын, ұлттық дәстүрлерді сыйлауға бағыттайды. Бұл - біз өмір сүріп отырған жаңарған қоғамымыздың қазіргі күндегі басты талабы.

## Пайдаланылған әдебиеттер.


1. Каримов И. А. „Юксак маънавият – енгилмас куч" – Тошкент „Маънавият", 2008 – 283 б.
2. Каримов И. А. Баркамол авлод – Ўзбекистон тараққиётининг пойдевори – Тошкент, „Шарқ", 1997.
3. Каримов И. А. Ўзбекистоннинг ўз истиқлол ва тараққиёт йўли – Тошкент „Ўзбекистон", 1992
4. Каримов И. А. Биздан озод ва обод Ватан қолсин. – Тошкент „Ўзбекистон", 1996
5. Каримов И. А. Ватан – саждагоҳ каби муқаддасдир. – Тошкент. „Ўзбекистон", 1996
6. Ахметов З. Әдебиеттану терминдер сөздігі (Құрастырғандар: З. Ахметов, Т. Шаңбай). – Семей – Новосибирск. „Талер – Пресс" 2006 – 178 б.
7. Әуезов М. Қазақ әдебиетінің қазіргі шығармаларының елу таңдаулы жинағы. – Алматы „Ғылым", 1997. – 220 б.
8. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі – Алматы „Рауан" 1997. – 102 б.
9. Еңсебаев Ж. С. Көбеев шығармаларындағы кейіпкер тілінің стильдік қызметі. – Алматы „Халық", 1995. – 124 б.
10. Қирабаев С. Тәуелсіздік рухымен. – Астана „Фолиант", 1998. – 352 б.
11. Қоңыратбаев Ә. Шеберлік сырлары. – Алматы „Жазушы", 1998. – 236 б.
12. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы „Университет", 2002. – 302 б.

# Сөздік

бейнелеу – describe
ұстаз – teacher
шәкірт – apprentice
жазушы – writter
үлгілі – the best
әлеуметтік – public
әңгіме – part
проза – phraces
тұңғыш – first
әдебиет – literature
өмір – life
мәдениет – culture
кейіпкер – creator
тарихы – historycal
тәрбиелеу – educating
батыт – mereenary
ізгілік – kindess
дамыту – curtain
қолөнер – creative-work
шыншыл – jore, sest
еңбек – work
бастаушы – begon
тақырыбы – theme
табиғат – nature
жақсылық – kindly
роман – navel

шаруа – cattle
жолдас – friend
көрнекті – beautiful
арманы – forest
ұнамсыз – unlove, unlike
сезімсіз – sence
ұлттық – national
үлкен – big
тәжірибе – experience
теңсіздік – no equality
оқиға – story
ауыл – village
мінез – character
қатал – definitely
өлең – sing
қаламгер – writter
мақсат – goal, intention
ой-сана – think
көркем – artistically

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіруші Жарасхан Нұрбаевтың «Спандияр Көбеевтің педагогикалық көзқарастары» тақырыбына жазған біліктілік жұмысына

ПІКІР

Бітіруші студенттің өз мамандығына байланысты таңдаған жұмысы жинақталып жазылған, тіптен зерделенген, зерттелген деп айтсақ болады.

Мектепте С.Көбеевтің шығармашылығын оқыту бойынша жаңашылдығы ұтымды шыққан.

Жұмыс Кіріспе, үші тарау, қортынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Кіріспе бөлімінде С.Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан қарастырылады. Яғни педагог жазушы туралы айтылмай кеткен жайттарды негіздей отырып баяндайды.

Бірінші тарауда жоғарыдағы жүйелі ойларын жалғастырылады. С.Көбеевтің әдебиеттегі орны және шығармаларының тақырыбы тәрбиеге негізделгенін тереңнен сипаттайды.

Екінші тарауда көбірек «Қалың мал» романын қалай оқту керектігінің айналасында сөз өрбиді. Бітіруші өзге ғалымдардың пікірлеріне өзіндік ойларын ұштастыра отырып, қорытынды шығарады.

Бұл жұмысы да көкейге қонымды шыққан. Сабақты қалай ұйымдастыру әдеби кеш, викториналық сайыс оқушының өз ойын тәжірибеде пайдаланып, жақсы көрсетіп бере алған.

Қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа сайма-сай жазылған және құрастырылған.

Жалпы алғанда, бітіруші студенттің бітіру біліктілік жұмысы мектеп өмірінде пайдаланса, нұр үстіне нұр болады, деген тұжырым жасаймын.

Ташкент облысы,
Шыназ ауданы,
№20 орта мектептің
қазақ тілі мен әдебиеті
пәнінің оқытушысы

Ермекбаева Злиха
Жангировна

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіруші Жараскан Нұрыбаевтың "Спандияр Көбеевтің педагогикалық көзқарастары" тақырыбына жазған біліктілік жұмысына қорытынды

## ПІКІР

"Білім туралы" және "Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасында" белгіленген ізгі шаралар бүгінгі күнде өз нәтижесін беруде. Басты мақсатымыздың бірі — мемлекетімізге білікті мамандар дайындап беру. Өзекті мәселені жүзеге асыруда бітіруші тарапынан біліктілік бітіру жұмысы жазылды.

Жұмыс Кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бүкіл ғұмырын жазушылық пен педагогтық қызметке арнаған қазақ әдебиеті тарихында некен-саяқ тұлғалар кездеседі. Солардың бірі және белгілі — Спандияр Көбеев.

Бірінші тараудың өзінде-ақ бітіруші Спандияр Көбеев шығармаларының негізгі дені қазақ халқының болмыс-бітімімен байланысты екендігін айқара ашады.

Күрделі жәйттардың шешімін табуда бітіруші оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдаланған. Нәтижеде сабақ үлгілері ұтымды шыққан.

Жалпы қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа сайма-сай жазылған.

Қорыта келгенде Ж.Нұрыбаевтың бітіру біліктілік жұмысы бакалавр дәрежесін алуға лайықты және жоғары деңгейде жазылған.

Филология ғылымдарының
кондидаты, доцент: И.Якубов.

Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітіруші Жараскан Нұрыбаевтың "Спандияр Көбеевтің педагогикалық көзқарастары" тақырыбына жазған біліктілік жұмысына қорытынды

## ПІКІР

"Білім туралы" және "Кадрлар дайындаудың ұлттық бағдарламасында" белгіленген ізгі шаралар бүгінгі күнде өз нәтижесін беруде. Басты мақсатымыздың бірі — мемлекетімізге білікті мамандар дайындап беру. Өзекті мәселені жүзеге асыруда бітіруші тарапынан біліктілік бітіру жұмысы жазылды. Нәтижеде оқыту процесінде тыңнан әдіс-тәсілдерді жетілдіре түсу міндетіміз болып табылады. Ал мына жұмысты шөліркіген таңдайдың шөлін қандырумен пара-пар деп ұқсақ болады.

Жұмыс Кіріспе, үш тарау, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Бүкіл ғұмырын жазушылық пен педагогтық қызметке арнаған қазақ әдебиеті тарихында некен-саяқ тұлғалар кездеседі. Солардың бірі және белгілі — Спандияр Көбеев. Педагог-жазушы бүкіл саналы ғұмырын балаларды тәрбиелеуге арнады. Тәрбиенің көзі — әдет-ғұрып, салт-дәстүрінде екендігін тіпті түсінді.

Бірінші тараудың өзінде-ақ бітіруші Спандияр Көбеев шығармаларының негізгі дені қазақ халқының болмыс-бітімімен байланысты екендігін айқара ашады. шығармаларында әлеуметтік теңсіздікті, зорлықты әшкерелейтін, жетім-жесірді аяуға құрылған тақырыптар кездеседі. Автор туындылары арқылы өзінің педагог болып қалыптасуына негіз болғандығын айтып та өтеді. Екінші тарауда да жоғарыдағы идеялар жалғасын тауып, күрделенген прозада көрініс табады. Мектепте Спандияр Көбеевтің шығармашылығын және "Қалың мал" романын

оқытуға арналған тәжірибелерін ұсынады. Оқыту үдерісі — қиын, күрделі жол. Тақылестік бар жерде түрлі жағдаяттар туады. Күрделі жәйттардың шешімін табуда бітіруші оңтайлы әдіс-тәсілдерді пайдаланған. Нәтижеде сабақ үлгілері ұтымды шыққан.

Жалпы қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тақырыпқа сайма-сай жазылған және ойыстырылған.

Қорыта келгенде Ж.Нұрыбаевтың бітіру біліктілік жұмысы бакалавр дәрежесін алуға лайықты және жоғары деңгейде жазылған.

Ғылыми жетекші: Е.Абдувалитов.
Педагогика ғылымдарының
кондидаты, доцент.

## I.1. Спандияр Көбеевтің өмірі мен шығармашылығы

Спандияр Көбеев – Ыбырай Алтынсарин үлгісіндегі педагог - жазушы. Ыбырайға еліктеп, ол да ұстаздық қызметін ағартушылық идеяны дамыту үшін пайдаланған, қазақ халқы ішінде озық елдердің мәдениетін, әсіресе орыс әдебиетін насихаттаған, сол сияқты Спандияр ұлы Абай мен ұстазы Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ әдебиетіндегі демократтық, ағартушылық бағытты әрі қарай жалғастырушы және жаңа жағдайға лайық дамытты.

Спандияр 1872 жылы 1 қазанда бұрынғы Торғай облысы, Николай уезі, Ыңғай болысына қарасты №3 ауылда (қазіргі Қостанай облысының Меңдіқара ауданы) туған. „Менің бұрын бес ұлы, бір қызы бар ата-анам дүниеге келгенде, сірә, қуана қоймаған болу керек, - дейді жазушы естелігінде. - Ес біліп, етек жапқан кезде анамыз: „Сен әрі суық, әрі қатты мұқтаждық кезіндегі туып едің", - дейтін еді".

Спандиярдың әкесі Көбей - мұсылманша хат танитын, шыншыл, көлөнермен (етік тігу, балташылық кәсіп, т.с.) күн көрген адам. Ол балаларын оқыту

**Малакавий ишга берилган "Қозоқ тили ва адабиёти ўқитиш методикаси" кафедраси**

## ХУЛОСАСИ

Талаба Нурыбаев Жарасканнинг педагогика фанлари номзоди, доцент Е.Абдувалитов рахбарлиги остидаги "С. Кўбеевнинг педагогик қарашлари" мавзусидаги битирув малакавий иши кўриб чиқилди ва бу иш Ўзбекистон Республикаси Олий ва ўрта махсус таълим вазирлигининг 2012 йил 9 июндаги №225 сонли буйруғи билан "Олий ўқув юртларида бакалавр битирув малакавий ишини бажаришга қўйиладиган талаблар"га тўлиқ жавоб беради.

Давлат Аттестацион Комиссиясида ушбу иш химояга киритилиши мумкин.

Асос: "Қозоқ тили ва адабиёти ўқитиш методикаси" кафедрасининг 2012 йил 25 апрелдаги 18-сонли баённомаси

Кафедра мудири: Е.Абдувалитов
"25" апрел 2012 йил

## БИТИРУВ МАЛАКАВИЙ ИШИ

МАВЗУ: **"С. Кўбеевнинг педагогик қарашлари"**

**ДАК қарори:**

5141300-Қозоқ тили ва адабиёти таълим йўналиши 401-қз гуруҳ талабаси Нурыбаев Жарасканнинг "С. Кўбеевнинг педагогик қарашлари"

**Битирув малакавий иши "86"га баҳолансин.**

"5" июнь **2012 йил**

**ДАК раиси: Н.Махмудов**

**ДАК котиби: А.Егизбаева**

жағын көбірек қиюластырған. Анасы Айтбөз да, жазушының өзінің айтуынша, өте қайратты және есті, ауылдың ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған. Жарастықты отбасының үлгілі тәрбиесі болашақ педагог-жазушының мінез-құлқының қалыптасуына да әсер еткен.

Спандияр мектеп жасына жетіп қалған кезде ауылда „Ыбырай Алтынсарин мектеп ашады" деген хабар тарап, әкесі баласын осы мектепке орналастыруды армандаған. Бірақ мектеп ашу ісі созылыңқырап кетеді де, Көбей тоғыз жасар Спандиярды ескіше оқуға береді. Алайда діни-схоластикалық мектептің қатал тәртібіне шыдай алмай, Спандияр оқуды тастап кетеді.

1887 жылы уездік Ыбырай мектебі ашылады да, Спандияр ұлы ағартушының өз көмегімен сол мектепке орналасады. Оны 1892 жылы бітіреді. Содан кейінгі жылдары Қарағайлыкөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте (1892-1895), Қостанай қаласындағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебінде (1895-1897) оқиды.

Болашақ педагог-жазушы бұдан кейін тағы да оқып, мұғалім болып шығуды армандайды. „Ыбырайдың